Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Цель исследования. Определить наиболее оптимальный способ отведения мочи у экстренных больных, поступающих с острой задержкой мочеиспускания.

Ключевые слова: острая задержка мочеиспускания, лечебные мероприятия, патология, экстренная помощь, исследование

Актуальность. Частой экстремальной ситуацией в практике врачей является острая задержка мочеиспускания. Как правило (90%), она наблюдается у мужчин и обычно возникает на фоне предшествующего затрудненного мочеиспускания. Задержка мочеиспускания может возникнуть вследствие:

- 1) механических причин;
- 2) заболеваний ЦНС;

- 3) рефлекторных нарушений функции мочевого пузыря;
- 4) медикаментозной интоксикации.

Материалы и методы исследования. За последний год в течение каждой недели в урологическое отделение АМЦ поступали двое - трое больных с острой задержкой мочеиспускания, проживающих как в городе, так и в области. За последний год в приемный

покой АМЦ обратилось 120 больных с острой и хронической задержкой мочеиспускания. Для оказания оптимальной помощи данной категории больных нами был проведен анализ медицинской помощи.

Результаты и обсуждение. Как острая, так и хроническая задержка мочеиспускания требуют срочных лечебных мероприятий. Если острая задержка мочеиспускания возникла неоднократно в течение 1-2 суток и катетеризация больному проводилась более трех раз, то его необходимо было госпитализировать для срочного оперативного вмешательства – наложения троакарной цистостомии. В тех случаях, когда у больного предполагалось достаточно длительное отведение мочи (1 месяц и более), выполнялась эпицистостомия.

Заключение. Таким образом, острая задержка мочеиспускания, как экстренная патология, в урологической практике встречается довольно часто и в результате различных причин. Данная патология требует оказания экстренной помощи медицинским персоналом различного профиля. В результате нашего исследования оказалось что в 5% случаев после

катетеризации хирургического вмешательства не требовалось, в 20% случаев делалась эпицистостомия и в 75% делалась троакарная цистостомия со 100% успехом. Мы пришли к выводу, что наиболее актуальным хирургическим способом отведения мочи является троакарная цистостомия.

Список литературы:

1. Алчинбаев МК, Мамбеталин ЕС, Саркулов МН, и др. Инфекция мочевых путей у больных доброкачественной гиперплазией предстательной железы. Материалы X Российского съезда урологов. М., 2002;с.69.
2. Соловьев ДА, Белый ЛЕ. Острая задержка мочи при аденоме простаты: современный взгляд на Современные проблемы науки и образования. 2012;2:81–83.
3. Чумаков АА, и др. Лечение острой задержки мочеиспускания у хирургических больных в послеоперационном периоде. Фундаментальные исследования. 2006;2:96–97.

ТҮЙІН

МИНЕНКО К.А.

ЖЕДЕЛ ЗӘР ТОҚТАУЫ. ХИРУРГИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ЕМ КӨРСЕТУДЕГІ БІЗДІҢ ТӘЖІРИБЕМІЗ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Бұл зерттеудің мақсаты – жедел зәр тоқтауы бар шұғыл науқастарда зәр шығарудың ең оңтайлы әдісін анықтау.

Негізгі сөздер: зәр шығарудың жедел кідірісі, емдік шаралар, патология, жедел көмек, зерттеу

SUMMARY

MINENKO K.A

ACUTE URINARY RETENTION. CAUSES. OUR EXPERIENCE IN PROVIDING SURGICAL TREATMENT

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

The purpose of this study is to determine the most optimal method of urinary diversion in emergency patients presenting with acute urinary retention.

Keywords: acute urinary retention, therapeutic measures, pathology, emergency care, research.

ҚАРАШОВА Г.И., ШАЯХМЕТОВ К.Н., Ж.Е. ЗИНЕЛАБДИН, Е.А. НУРЖАН

МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ ЖАТАҚХАНАЛАРЫНЫҢ МИКРОКЛИМАТ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің екі жатақханасында микроклимат көрсеткіштеріне салыстырмалы гигиеналық бағалау жүргізілді. Зерттеу жұмысы жатақхананың бөлмелері мен тамбурларында Метеоскоп-М микроклиматын өлшейтін аспаптар арқылы жүргізілді.

Негізгі сөздер: микроклимат, жатақхана, ауа жылдамдығы, ауа ылғалдылығы

Өзектілігі. Студенттердің негізгі өмір сүру ортасы бұл – жатақхана, өйткені ол жерде уақыттарының көп бөлігін өткізеді, сондықтан бұл ғимараттардың гигиеналық жағдайы жоғары талаптарға жауап беруі қажет. Студенттердің жұмыс жасау қабілеттері, денсаулық жағдайы, сабаққа дайындығы тұрғын бөлмелердің сапасына байланысты болып келеді. Микроклимат көрсеткіштерінің (бөлменің температурасы, ауа жылдамдығы, ылғалдылығы) гигиеналық талаптарға сай келмеуі оқу материалдарын түсінуіне, меңгеруіне әсер етеді және студенттердің қабылдауын төмендетеді [1,2].

Зерттеу мақсаты. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті №4 және №5 жатақханалар микроклимат көрсеткіштерін салыстырмалы түрде тексеру. Олардың гигиеналық норма мен ережелерге сәйкестігін анықтау.

Материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеу жұмысы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде орындалды (2020-2021). Зерттеу жұмысы №4, №5 жатақханалар бөлмелері және вестибюль микроклимат көрсеткіштері (температура, ауаның ылғалдылығы, ауаның қозғалыс жылдамдығы) салыстырмалы түрде тексеруге алынды.

Гигиеналық зерттеу әдісі бойынша микроклимат көрсеткіштерін анықтау «Ғылыми тәжірибелік орталықтан» алынған «Метеоскоп -М» құрылғысы көмегімен анықталды. Зерттеу жұмысы 12.1.005-88 ГОСТ «Общие санитарно-гигиенические требования к воздуху рабочей зоны» және ҚР ҰЭМ №169 23.05.2015ж «Об утверждении гигиенических нормативов к физическим факторам, оказывающим воздействие на человека» санитарлық норма және ережеге сәйкестігіне тексеру арқылы жүргізілді [3,4].

Нәтижелер мен талқылау. Бөлме және вестибюль микроклимат көрсеткіштері (температура, ауаның ылғалдылығы, ауаның қозғалыс жылдамдығы)

бөлме еденінен 1,0 м биіктікте өлшенді. Өлшеулер жылу көздері, терезе жанына жақын жерден және 0,5-1,0м қашықтықта 4 нүктеде өлшенді.

Алынған нәтижелер келесідей болды (орташа көрсеткіштер). Бөлме температурасы:

- №4 жатақхана: температура – 200С ; ауаның қозғалыс жылдамдығы – 0,1м/с; ауа ылғалдылығы – 51%.

- №5 жатақхана: температура – 210С; ауаның қозғалыс жылдамдығы – 0,1м/с; ауа ылғалдылығы – 48%.

Вестибюль температурасы:

- №4 жатақхана: температура – 160С; ауаның қозғалыс жылдамдығы, ауа ылғалдылығы санитарлық норма және ережеге сәйкес тексерілмейді.

- №5 жатақхана: температура – 170С; ауаның қозғалыс жылдамдығы, ауа ылғалдылығы санитарлық норма және ережеге сәйкес тексерілмейді.

Қорытынды. №4 және №5 жатақхананың микроклимат көрсеткіштері санитарлық норма және ережеге сәйкес келеді, тек бөлме температурасы қалыпты жағдайдың төменгі көрсеткішіне сәйкес. Жатақхана микроклиматы санитарлық талаптарға сай келеді және студенттердің тұрақтап тұруларына қолайлы.

Ұсыныс: бөлме температурасын 1-2 градусқа көтеруге ұсыныс жасалсын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Некрасова ЮЭ, и др. Гигиеническая оценка условий проживания в общежитии студентов-медиков. Международный студенческий научный вестник. Международный студенческий научный вестник. 2018;5:38–38.
2. Корчков АП. Микроклимат помещений. Вестник магистратуры. 2020;2-1(101):
3. ССБТ Г. 12.1. 005-88. Общие санитарно-гигиенические требования к воздуху рабочей зоны. М.: Издательство стандартов. 1988.

РЕЗЮМЕ

ҚАРАШОВА Г.И., ШАЯХМЕТОВ К.Н.,
ЗИНЕЛАБДИН Ж.Е., НУРЖАН Е.А.

**СРАВНИТЕЛЬНАЯ ГИГИЕНИЧЕСКАЯ
ОЦЕНКА ПОКАЗАТЕЛЕЙ МИКРОКЛИМАТА
В ОБЩЕЖИТИЯХ ЗКМУ ИМЕНИ МАРАТА
ОСПАНОВА**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Была проведена сравнительная гигиеническая оценка показателей микроклимата в 2-х общежитиях Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова. Исследования проводили в комнатах и вестибюлях общежитий с помощью аппаратов для измерения микроклимата «Метеоскоп-М».

Ключевые слова: микроклимат, общежитие, скорость воздуха, влажность воздуха

SUMMARY

KARASHOVA G.I., SHAYAKHMETOVA K.N.,
ZINELABDIN ZH.E., NURZHAN E.A.

**COMPARATIVE HYGIENIC ASSESSMENT OF
MICROCLIMATE INDICATORS IN HOSTELS
WKMU NAMED AFTER MARAT OSPANOV**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

A comparative hygienic assessment of microclimate indicators was carried out in 2 hostels of the West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University. The study was carried out in the rooms and lobbies of the hostel using devices for measuring the microclimate «Meteoscope-M».

Keywords: microclimate, dormitory, air speed, humidity.

Г.И. КАРАШОВА, Т.Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ

**БАЛАЛАР АҒЗАСЫНА МҰНАЙ-ГАЗ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ӘСЕРІН
САЛЫСТЫРМАЛЫ ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Актобе, Қазақстан

Ғылыми жұмыста Мұғалжар ауданындағы мұнай-газ өндіретін кәсіпорындардың жанында орналасқан қоршаған ортаның ластануы және ластанудың балалар денсаулығына әсері қарастырылды. Салыстырмалы зерттеу аясында экологиялық таза аумақта орналасқан Қобда ауданындағы балалардың денсаулық жағдайы зерттелді. Зерттеу ретроспективті әдіспен жүргізілді.

Негізгі сөздер: қоршаған орта, Мұғалжар ауданы, балалар денсаулығы, экология, мұнай

Өзектілігі. Қоршаған ортаның токсикалық заттармен ластануы созылмалы аурулардың ушығуына әкеліп отыр. Қазіргі уақытта мұнайды өндіру, тасымалдау және өңдеу қоршаған ортаны ластаумен қатар, адам денсаулығына да әсер етеді. Мұнай өндіру аумақтарында атмосфералық ауаны ластаушы болып көміртексутегі, күкіртті сутек және көміртек тотығы т.б. жатады. Сонымен қатар атмосфералық ауаға келесі химиялық заттар да шығарылады.

Өндірілген мұнай өнімдерінің ішінде шикі мұнай өнімінің 5% жоғалады, яғни қоршаған ортаға түседі. Қоршаған ортаны ластаушылар болып ірі өндіріс орындары, қара және түсті металлургия, химиялық және мұнай өндіруші өндірістер кешендері жатады және адам денсаулығына зиянды әсер етуші фактор болып табылады.

Зерттеу мақсаты. Мұнай-газ өндірісі маңында орналасқан елдімекен балаларының тыныс алу мүшелерінің аурушандығын бағалау.

Материалдары мен әдістер. Балалардың тыныс алу мүшелерінің жалпы аурушандық көрсеткіштері

туралы ақпарат Мұғалжар және Қобда аудандарының аудандық емханаларының тіркеу және есеп беру құжаттарының көшірмесі негізінде алынды. Балалардың денсаулық көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізілді. Талдау «Эколого-эпидемиологическое изучение состояния здоровья населения и статистические методы его анализа» әдістемелік нұсқауына сәйкес жүргізілді.

Мұғалжар және Қобда аудандарының атмосфералық ауасынан алынған сынамаларға сараптама жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау. Қоршаған орта жағдайына сараптама жүргізу үшін Мұғалжар және Қобда аудандарының атмосфералық ауасынан алынған сынамаларға сараптама жүргізілді. Ауадан сынама алу бақылаудың бір реттік бағдарламасы бойынша «Руководство по контролю загрязнения атмосферы РД 52.04.186-89» және ҚР ҰЭМ №168 28.02.2015 СанЕЖН «Қалалық және ауылдық елдімекендердің атмосфералық ауасының гигиеналық нормалары» құжаттарына сәйкес жүргізілген.

Алынған сынағаларды сараптау барысында анықталғаны: мұнай-газ өндірісіне жақын орналасқан елді мекендердің (Мұғалжар ауданы) атмосфералық ауа құрамында кейбір газдардың ШПРЕК –дан асып кетуі, соның ішінде Мұғалжар елдімекенінде көміртек тотығының болуы тіркелді. Қобда елдімекенінде ШПРЕК-тен асып кету анықталмады.

Мұғалжар ауданындағы 0-14 жас аралығындағы балалардың тыныс алу мүшелері жалпы аурушандығының таралу жиілігі көрсеткіштерін талдау барысында балалар арасында нақты емес созылмалы бронхит, эмфизема бірінші орын алатыны, 2-орында созылмалы ринит, фарингит, назофарингит және 3-ші пневмония аурушандығы орналасатыны белгілі болды.

Қобда ауданындағы балалардың тыныс алу мүшелерінің жалпы аурушандық көрсеткіштерін талдау кезінде анықталды, яғни алдыңғы орында - пневмония, одан кейін миндалин және аденоидтың созылмалы ауруы және 3-орындарда нақты емес созылмалы бронхит, эмфизема аурулары және бронхиалды астма орналасты.

Қорытынды. Мұнай-газ өндірісіне жақын орналасқан елдімекендердің (Мұғалжар ауданы) атмосфералық ауа құрамында кейбір газдардың ШПРЕК–дан асып кетуі анықталды. Қобда елдімекені «шартты

таза» деп есептелінді.

0-14 жас аралығындағы балалардың тыныс алу мүшелерінің жалпы аурушандық көрсеткіштерін талдау барысында анықталғаны: балалар арасында нақты емес созылмалы бронхит, эмфизема бірінші орын алатыны, 2-орында созылмалы ренит, фарингит, назофарингит және 3-пневмония және одан кейін бронхиалды астма аурушандығы орналасатыны белгілі болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бакиров АБ, Гимранова ГГ. Приоритетные направления научных исследований в нефтедобывающей, нефтеперерабатывающей, нефтехимической промышленности. Медицина труда и экология человека. 2016;3(7):5–10.
2. Сакиев КЗ, Мамырбаев АА. Состояние здоровья населения одного из нефтегазодобывающих регионов Казахстана. Гигиена и санитария. 2016;95(6):528–532.
3. Карашова ГИ, Сабырахметова ВМ, Сакебаева ЛД, Шаяхметова КН, Байжанова ЖБ, Сабирова ЖК. Қарқынды дамыған мұнай өндіру ауданындағы тұрғындар денсаулығының негізгі көрсеткіштері. West Kazakhstan Medical Journal. 2019;61(2):98–106.

РЕЗЮМЕ

КАРАШОВА Г.И., СУЛЕЙМЕНОВ Т.Ж.

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ НЕФТЕГАЗОВЫХ ОТХОДОВ НА ОРГАНИЗМ ДЕТЕЙ

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

В научной работе рассматривалось загрязнение окружающей среды расположенных вблизи нефтегазодобывающих предприятий в Мугалжарском районе и влияние загрязнения на здоровье детского населения. В рамках сравнительного исследования изучалось состояние здоровья детей Кобдинского района, расположенного на экологически чистой территории. Исследование проведено ретроспективным методом.

Ключевые слова: окружающая среда, Мугалжарский район, здоровье детей, экология, нефть

SUMMARY

KARASHOVA G.I., SULEIMENOV T.ZH.

COMPARATIVE HYGIENIC ASSESSMENT OF THE IMPACT OF OIL AND GAS WASTE ON THE BODY OF CHILDREN

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

The scientific work considered environmental pollution located near the oil and gas producing enterprises in the Mugalzhar region and the impact of pollution on the health of the child population. As part of a comparative study, the state of health of children in the Kobdinsky district, located in an ecologically clean area, was studied. The study was conducted by a retrospective method.

Keywords: environment, Mugalzhar district, children's health, ecology, oil.

МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРДЫ ТҰТЫНУЫН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Марат Оспанов атындағы БҚМУ ҚДС факультетінің бірінші және төртінші курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша анықтау жоғары курс студенттері энергетикалық сусындарды кіші курс студенттеріне қарағанда көбірек пайдаланады.

Негізгі сөздер: Марат Оспанов атындағы БҚМУ, студент, энергетикалық сусын, жоғары курс, кіші курс

Өзектілігі. Энергетикалық сусындар – адамзаттың ойлап тапқан өнертабысы. Алайда олардың құрамындағы заттар жүйке жүйесін ынталандыру үшін бұрыннан пайдаланылып келеді. Энергетикалық сусындар көңіл-күйді көтеріп, ой әрекетін жақсартады. Әркім өз қажеттіліктеріне орай энергетикалық сусын таба алады. Энергетикалық сусындардың кейбірі кофеинге негізделсе, екіншісі – дәрумендер мен көмірсулардан құралған [1,2]. Энергетикалық сусындар дәрумендер кешені мен глюкозадан тұрады. Дәрумендердің пайдасы бәріне мәлім. Глюкоза болса қанға тез сіңіп, қышқылдандыратын процестерге қатысады және бұлшық ет, ми және басқа да маңызды мүшелерді энергиямен қамтамасыз етеді. Бір шыны кофенің әсері 1-2 сағат сақталады, ал энергетикалық сусынның әсері – 3-4 сағатқа дейін. Оған қоса, көптеген энергетикалық сусындар газдалған болып келеді, бұл олардың әсерін кофеге қарағанда жеделдетеді [2,3]. Энергетикалық сусындардың зияны жайлы естісек те, олардың нақты қандай зияны бар екенін біле бермейміз. Бұл біздің жұмысымыздың маңыздылығын көрсетті.

Зерттеу мақсаты. Студенттердің энергетикалық сусындарды пайдалануын және оның ағзаға әсеріне гигиеналық баға беру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуді Марат Оспанов атындағы БҚМУ-нің 1-ші және 4-ші курс студенттеріне сауалнама беру арқылы жүргіздік. Сауалнама сұрақтары келесідей сұрақтарды қамтыды:

- энергетикалық сусындар пайдаланасыз ба?
- тәулігіне қанша рет?
- пайдалану уақытының ұзақтығы?

- ашулануға бейімсіз бе және тез шаршайсыз ба?
- энергетикалық сусындардың зияндылығы жөнінде білесіз бе?

Алынған сауалнама нәтижелері статистикалық өңдеуден өткізілді.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу ҚДС факультетінің 1-ші және 4-ші курс студенттеріне жүргізілді. Зерттеу барысында анықталды: жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау – энергетикалық сусындарды төменгі курс студенттері, жоғарғы курс студенттеріне қарағанда 2-3 есеге көп пайдаланатынын көрсетті. Энергетикалық сусындарды жиі пайдаланатын студенттердің арасында семіздіктің және денсаулықтарында әр түрлі өзгерістердің, соның ішінде нерв жүйесінде (тез ашуланшақтық, шаршау) өзгерістер болатынын анықталды.

Қорытынды. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде жоғарғы курс студенттері төменгі курс студенттеріне қарағанда, энергетикалық сусындардың зияндылығы жөнінде көп бағдарланған және білім алған, соған байланысты тамақтану барысында бұндай сусындарды пайдаланбайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ткаченко АВ, Маковкина ДВ. Влияние энергетических напитков на здоровье молодежи. Cyberleninka «Науки о здоровье». 2017;19:
2. Сералиева МШ, Илакбаева ҮС. Тағам гигиенасы. 2009;3006.
3. Тель ЛЗ, Даленов ЕД, Абдулаева АА, Коман ИЭ. «Нутрициология»: оқулық. Мәскеу. Издательство «Литтерра». 2015; Қосымша 1.

РЕЗЮМЕ

КАРАШОВА Г.И., ШАЯХМЕТОВА К.Н.,
С.А.КОЙЛЫБАЕВА

**ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА УПОТРЕБЛЕНИЯ
ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ НАПИТКОВ СТУДЕНТАМИ
ЗКМУ ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Провели опрос – исследование среди студентов первого и четвертого курса факультета «Общественное здравоохранение» медицинского университета имени Марата Оспанова: имеют ли отрицательные эффекты энергетические напитки для организма человека? Согласно результатам исследований обнаружено, что студенты старших курсов используют энергетические напитки больше, чем студенты младших курсов.

Ключевые слова: ЗКМУ имени Марата Оспанова, студент, энергетический напиток, старший курс, младший курс

SUMMARY

KARASHOVA G.E., SHAYAKHMETOVA K.N.,
KOILYBAEVA.S.A

**HYGIENIC ASSESSMENT OF ENERGY DRINKS
USE BY WEST KAZAKHSTAN MARAT OSPANOV
MEDICAL UNIVERSITY STUDENTS**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The negative effects of energy drinks on the human body were investigated by the 1st and 4th year students of the WKMOMU. The results of the research show that senior students are more likely to use energy drinks than undergraduate students.

Keywords: WKMOMU, student, energy drink, senior course, junior course.

КУЛКАЕВА С.Ж., АКЖАН Ж., АЛДАМЖАРОВА М.

**ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ӨМІР САПАСЫН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ТАЛДАУ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Сауалнамаларды қолдана отырып, дәрігерлердің өмір сүру сапасының көрсеткіштерін өзін-өзі бағалау рөлдік эмоционалды жұмыс шкаласының статистикалық маңызды төмендеуін көрсетті. психологиялық денсаулық және дәрігерлердің өміршеңдігі эмоционалды күйзеліске және өмір сапасының төмендеуіне әкелетін мазасыздық пен депрессия деңгейінің жоғарылауы.

Негізгі сөздер: Дәрігерлер, эмоционалды жұмыс, психологиялық денсаулық, эмоционалды күйзеліс, депрессия

Өзектілігі. Қоғам дәрігерге жоғары этикалық, моральдық және құқықтық талаптар қояды. Дәрігерлер күнделікті стресстік жағдайларға, жоғары психологиялық стресске, мазасыздық пен депрессияға тап болады, бұл олардың өмір сапасын төмендетеді.

Өмір сапасы (ӨС) - адамның өзінің физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатымен және қоғамда жұмыс істеу қабілетімен қанағаттануын айқындайтын Денсаулық сипаттамасының негізгі құралы.

Зерттеу мақсаты. Ақтөбе қ. дәрігерлерінің ӨС денсаулығының физикалық және психологиялық компоненттерінің көрсеткіштерін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу онлайн сұрақ-жауап және сауалнама жүргізу арқылы Ақтөбе қаласында жүргізілді. Сауалнама сұрақ-жауаптан, sf-36 сауалнамасынан (ӨС бағалауға арналған спецификалық емес сауалнамадан) және HADS сауалнамасынан (ауруханадағы мазасыздық және депрессия шкаласы) тұрды. Зерттеу нәтижелеріне статистикалық талдау Statistica 10.0 нұсқасын қолдану арқылы жүргізілді.

Сауалнамаға 106 дәрігер қатысты, орташа жасы

- 34,±9,7 жыл.75% -ы әйелдер, 25% -ы ер адамдар. Жұмыс өтілі бойынша 5 жылға дейін 56%, 10 жылға дейін - 21%, 20 жылға дейін - 9% және 30 жылға дейін - 14% респонденттер басым болды. Экспериментке жалпы практика дәрігерлері (58%), хирургтар (18%), акушер –гинекологтар (24%) қатысты. Бақылау тобы ретінде негізгі топтың жынысы мен жасына тең басқа мамандықтағы 68 респонденттен жауап алынды.

Нәтижелер мен талқылау. Дәрігерлердің физикалық компонентінің (PH1) орташа мәндерінің 50,7±10,9-ға дейін және психологиялық компонентінің(МН1) ӨС 42,7 ±8,9 балға дейін айтарлықтай төмендеуі анықталды. Бұл ретте ең төмен көрсеткіштер «VT өміршеңдігі» (56,7 ± 16,4) «RE эмоциялық жұмыс істеуі» (50,7±20,5) және «психологиялық денсаулық» (60,3±16,3) (p <0,05) шәкілдері бойынша байқалды, бұл жағымды эмоциялардың азаюын, шаршаудың жоғарылауын, өмірлік белсенділіктің төмендеуін және орындалатын жұмыс сапасының төмендеуін көрсетеді. Бақылау тобына PH және МН айнымалыларының мәндері негізгі топтың көрсеткіштерінен сенімді жоғары

болды.

Корреляцияны талдау физикалық (PF), рөлдік физикалық жұмыс (RP) және физикалық компонент (PH1) ӨС арасындағы тікелей күшті байланысты көрсетті. Бұл HADS шкаласы бойынша осы айнымалылар арасындағы себептік байланысты көрсетеді, дәрігерлердің 36% -ында мазасыздықтың әртүрлі түрлері, 24% -ында депрессия анықталған. ($p < 0,05$) бақылау тобының респонденттерінде осы айнымалыларда елеулі айырмашылықтар табылған жоқ. Бұл нәтижелер дәрігерлердің мазасыздығы мен депрессиясының жоғарылағанын көрсетеді, бұл көбінесе әлеуметтік бейімдеуге әкеледі. Гендерлік белгі бойынша ӨС көрсеткіштерінің статистикалық сенімді айырмашылықтары анықталған жоқ.

Қорытынды. Сонымен , RE , МН және VT

шкалаларының өзін-өзі бағалау көрсеткіштері бақылау тобының адамдарына қарағанда дәрігерлерде айтарлықтай төмен, негізгі топтың PF және RP шкалалары арасында берік байланыс бар. Сұралған дәрігерлерде мазасыздық пен депрессиялық жағдайдың әртүрлі формалары анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Говорин Н. В., Бодагова Е. А. Психическое здоровье и качество жизни врачей. – 2013.
2. Novik A. A. Руководство по исследованию качества жизни в медицине. – ОЛМА Медиа Групп, 2002.
3. Selmanovic S. et al. Stress at work and burnout syndrome in hospital doctors //Medical archives. – 2011. – Т. 65. – №. 4. – С. 221.

РЕЗЮМЕ

КУЛКАЕВА С.Ж., АКЖАН Ж.,
АЛДАМЖАРОВА М.

АНАЛИЗ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ ВРАЧЕЙ ПО РЕЗУЛЬТАТАМ САМООЦЕНКИ

Западно-Казакхстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казакхстан

Самооценка показателей качества жизни врачей с помощью опросников показала статистически значимое снижение шкал ролевого эмоционального функционирования, психологического здоровья и жизнеспособности врачей, повышения уровня тревожности и депрессии, ведущих к эмоциональному выгоранию и снижению качества жизни.

Ключевые слова: врачи, эмоциональное выгорание, психологическое здоровье, депрессия

SUMMARY

KULKAYEVA S.ZH., AKZHAN ZH.,
ALDAMZHAROVA M.

ANALYSIS OF THE QUALITY OF LIFE OF DOCTORS BASED ON THE RESULTS OF SELF-ASSESSMENT

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Self-assessment of indicators of the quality of life of doctors using questionnaires showed a statistically significant decrease in the scales of role-playing emotional functioning, psychological health and resilience of doctors, increased levels of anxiety and depression, leading to emotional burnout and a decrease in the quality of life.

Keywords: Doctors, emotional work, psychological health, emotional stress, depression.

ЖЕКСЕНОВА А.Н., ТУСУПКАЛИЕВА Қ.Ш., АМАНГАЛИЕВА Н.С.

ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНАНЫҢ ДИСПАНСЕРЛІК ЕСЕБІНДЕ ТҮРҒАН ҚАНТ ДИАБЕТІМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ЖАҒДАЙЫН СИПАТТАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Жұмыстың мақсаты II типті қант диабетімен ауыратын науқастардың әлеуметтік және моральдық жағдайын зерттеу болып табылады. Сауалнама нәтижелері және алынған нәтижелер бойынша науқастың денсаулық жағдайы қанағаттанарлық, ал моральдық көңіл-күйдің орташа деңгейі науқастың өмір сүру сапасының қанағаттанарлық деңгейін көрсетеді.

Негізгі сөздер: қант диабеті, мүгедектік, әлеуметтік, моральдық жағдай

Өзектілігі. Қант диабеті (ҚД) медициналық-әлеуметтік мәселе болып табылады, оның таралуының кең көлемде болуы, ауыр және үдемелі ағымда өтуі,

көпшілік жағдайда асқынулардың дамуымен және өмір сүру сапасын төмендеуіне әкелетін жоғары мүгедектікпен сипатталады [1]. Халықаралық диабеттік

федерациясының мәліметтері бойынша қазіргі уақытта әлемде қазірдің өзінде қант диабетімен ауыратын 366 миллионнан астам науқас бар, ал 2030 жылға қарай олардың саны екі есе артып, 552 миллион адамнан асатыны туралы мәлімдейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы болжамымен 2030 жылға қарай қант диабеті өлім деңгейінің жетінші маңызды себебіне айналады [2, 3]. Осындай ауруы бар науқастардың бүгінгі күні өмір сүру сапасын зерттеу ҚД-ін бағалауда маңызы үлкен және өзекті мәселе болып саналады.

Зерттеудің мақсаты: Қант диабетімен ауыратын науқастардың әлеуметтік және моральдық жағдайын зерттеу.

Материалдар мен әдістер. ҚД-нің әсерін бағалайтын шкала (DIMS) сауалнамасы қолданылды (Калифорния, 1992). Зерттеу бір реттік көлденең проспективті жүргізілді. Ақтөбе қаласы №2 қалалық емхананың эндокринология кабинетінде есепке алынған ІІ-ші типті қант диабеті бар 18-60 жас аралығындағы науқастарға сауалнама жүргізілді. Алынған мәліметтер статистикалық өңдеуге Statistika 10 бағдарламасы арқылы жүргізілді.

Нәтижелері мен талқылау. Сауалнамаға 92 адам, соның ішінде 52% ер адам, 48% әйел адам қатысты. ІІ-ші типті қант диабеті бар науқастар жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде 4-тік шкаласы бойынша бағаланды. Диабетке тән және тән емес симптомдар 81 науқаста (88%-ы) байқалды. ІА шкаласы бойынша диабетке тән симптомдары 53 науқаста 65% құрады, соның ішінде 28 ер адамдарда 53% және 25 әйелдерде

47% болды. ІВ шкаласы бойынша диабетке онша тән емес симптомдар 28 науқаста (23%) болды. ІІ-ші шкала бойынша әл-ауқатының қанағаттарлық дәрежесі науқастардың 70%-ын құрайды. ІІІ-ші шкала бойынша 55 науқастың (60%-ында) ҚД-не байланысты моральдық рухы орташа дәрежені көрсетті, ал 33 науқастарда (40%-ы) қанағаттанарлық дәрежені көрсетті. ІV-ші шкала бойынша науқастардың 90%-ы өзінің әлеуметтік рөлін орындап жүргені анықталды.

Қорытынды. ІІ-ші типті қант диабеті бар науқастардың әлеуметтік маңыздылық жағдайы әл-ауқаттық деңгейі бойынша қанағаттанарлық және моральдық рух дәрежесі бойынша орташа болуы науқастардың өмір сүру сапасын қанағаттанарлық деңгейді көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тараскина ТА, Родионова ТИ. Концептуальные модели оценки качества жизни больных, страдающих сахарным диабетом 1 типа. Современные проблемы науки и образования. 2015;5:1–2.
2. Товпик ТА, Мохорт ТВ. Качество жизни больных сахарным диабетом, принимающих различные препараты пролонгированного инсулина. Медицинские новости. 2012;4:70–73.
3. Шишкова ЮА, Сурикова ЕВ, Мотовилин ОГ, Майоров АЮ. Качество жизни при сахарном диабете: определение понятия, современные подходы к оценке, инструменты для исследования. Сахарный диабет. 2011;3:70–75..

РЕЗЮМЕ

ЖЕКСЕНОВА А.Н., ТУСУПКАЛИЕВА Қ.Ш.,
АМАНГАЛИЕВА Н.С.

ОПИСАНИЕ СОЦИАЛЬНОГО И МОРАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ БОЛЬНЫХ САХАРНЫМ ДИАБЕТОМ, СОСТОЯЩИХ НА ДИСПАНСЕРНОМ УЧЕТЕ В ГОРОДСКОЙ ПОЛИКЛИНИКЕ

Западно-Казакхстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казакхстан

Целью работы является изучение социального и морального состояния больных сахарным диабетом ІІ-типа. По результатам анкетирования и полученных материалов, состояние благополучия у больных СД удовлетворительное и среднее, по степени морального духа свидетельствует об удовлетворительном уровне качества жизни больных.

Ключевые слова: сахарный диабет, инвалидность, социальное. моральное состояние

SUMMARY

ZHEKSENOVA A.N., TUSUPKALIEVA K.SH.,
AMANGALIYEVA N.S.

DESCRIPTION OF THE SOCIAL AND MORAL STATE OF PATIENTS WITH DIABETES MELLITUS WHO ARE REGISTERED AT A DISPENSARY IN A CITY POLYCLINIC

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The aim of the work is to study the social and moral state of patients with type II diabetes mellitus. According to the results of the questionnaire and the materials obtained, the state of well-being in patients with DM is satisfactory and average in terms of morale indicates a satisfactory level of quality of life of patients.

Keywords: diabetes, disability, social, moral condition.

АМСК ДЕҢГЕЙІНДЕ КЕШЕНДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Соңғы онжылдықта отандық денсаулық сақтау жүйесі цифрландырудың күрделі процесін бастан кешірді, бірнеше үлгілерін өзгертті, әлі де дамып, дамып келеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында интеграцияланған медициналық ақпараттық жүйені (ҚМСЖ) енгізу медициналық ұйымдардың алғашқы медициналық-санитарлық көмекті (МСАК) көрсетуіне өзгерістер әкелді.

Негізгі сөздер: АМСК, медициналық сақтандыру, цифрландыру, ақпараттық жүйе

Өзектілігі. Кешенді медициналық ақпараттық жүйелердің медицина саласына кең көлемде енгізілуі нақты және сапалы ақпараттардың арқасында денсаулық сақтау жүйесінің объектілері мен субъектілерінің қызметіндегі өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы заманауи бағыттардың бірі жүйелі ақпараттандыру және жұмыс үрдістерін автоматтандыру. Соңғы онжылдықта отандық денсаулық сақтау жүйесі күрделі цифрландыру үрдісінен өтіп, бірнеше модельдерді ауыстырып, әлі күнге дейін өзгеріп, даму үстінде.

2018 жылы науқасқа байланысты барлық үрдістер мен ағымдарды байланыстыратын электронды денсаулық паспорты денсаулық сақтау саласының цифрлық ортасын қалыптастырды.

Тұрғындар кешенді медициналық ақпараттық жүйелердің жеке мобильді қосымшалары арқылы онлайн түрде дәрігерге жазылу немесе үйге шақырту, рецептілерді және зертханалық тексерістердің қорытындыларын қарау, еңбекке жарамсыздық парағын жүктеп алу және тағы басқа да қызметтерге қол жеткізе алады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайында кешенді медициналық ақпараттық жүйені (КМАЖ) енгізу медициналық ұйымдардың алғашқы медико-санитарлық көмек (АМСК) көрсету жұмысына өзгерістер әкелді. Бұл тақырыптың аз зерттелуі, ғылыми жұмыстың бастау негізі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты. Алғашқы медико-санитарлық көмек деңгейінде КМАЖ қолданудың әлеуметтік және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін зерделеу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу дизайны – бір ретті көлденең зерттеу. Сауалнамаға үздіксіз жиынтық бойынша КМАЖ-бен жұмыс жасайтын Ақтөбе қ. №1 қалалық емханасының медициналық қызметкерлері қатысты ($n_1=134$) және кездейсоқ таңдау бойынша КМАЖ қолданатын пациенттер қатысты ($n_2=383$ пациент ($p=50\%$)). Таңдамадағы пациенттер саны Raosoft.com онлайн калькуляторы арқылы есептелді. Жалпы популяция 82000 (емханаға тіркелген адам саны).

Статистикалық өңдеуге IBM SPSS Statistics бағдарламасы, ал зерттеу нәтижелері бойынша диаграмма құрастыруға Microsoft Office бағдарламасы

қолданылды.

Нәтижелері мен талқылау. Зерттеу медицина қызметкерлері мен тұрғындардың КМАЖ-ды қолдануына әсер ететін негізгі факторларды (жасы, дербес компьютерді қолдану ұзақтығы және өзінің қолдануын бағалауы деңгейлері) анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бірнеше айнымалалар арасында тіке және кері корреляциялық байланыс бар екендігін көрсетті.

Қорытынды. Медицина қызметкерлерінің компьютерді меңгеруінің орташа деңгейі олардың өзін-өзі бағалауы бойынша 4 баллды құрады. Медициналық қызметкерлердің 24,6%-ы белгілі бір дәрежеде жабдық тапшылығын сезініп жатқанын және тек 3,7%-ы жабдықтың тапшылығын сезінді. Осыған қарамастан, жұмыс орындарын компьютерлендіруге қанағаттанудың Ме деңгейі 3 баллды құрады, оның ішінде медбикелер арасында 3 балл. Науқастардың пікірінше, КМАЖ енгізуі келесі нәтижелерге әкелді: тіркеушілер мен дәрігерлердің қажетті медициналық құжаттаманы толтыру уақытын қысқарту (сауалнамалардың 39,7% және 23,5% сәйкесінше көрсетілген). Бұл әсерлер пациенттер үшін ең жоғары басымдық болып табылады, сондықтан оларды жүзеге асыру медициналық көмекке қанағаттануды арттыруға әкелуі мүмкін. Медицина қызметкері неғұрлым жас болса, оның ДҚ-мен жұмыс тәжірибесі соғұрлым көп болады. КМАЖ-да жеке медициналық ақпаратты қарауға және Интернет арқылы дәрігердің қабылдауына жазылуға сұраныс пациенттердің жасына және ДҚ-ны меңгеру деңгейіне байланысты. Өзіне сенімді АТ пайдаланушы КМАЖ ақпаратты өндеудің жаңа құралы ғана екенін түсінеді, ал медициналық ұйым қызметінде айтарлықтай оң өзгерістерді жүзеге асыру көптеген факторларды ескерген жағдайда мүмкін болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Данилова ЛВ. Оценка эффективности медицинской информационной системы муниципального здравоохранения г.Оренбурга.: дис. – г. Оренбург, 2014.
2. Абдикадилова ИТ. Оценка медико-организационной эффективности использования информационных систем на примере больных с артериальной гипертензией. УДК:614.2:616.12-008.331.1-052

3. Мобильное приложение медицинских сервисов DamuMed, стартовало в Казахстане <https://www.zakon.kz/4885509-mobilnoe-prilozhenie-meditsinskih.html>

РЕЗЮМЕ

ЕРМУХАНОВА Л.С., ЕРЕЖЕПОВ Б.Е.

ОРГАНИЗАЦИОННАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ОСОБЕННОСТЬ КОМПЛЕКСНОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ НА УРОВНЕ ПМСП

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

За последнее десятилетие отечественная система здравоохранения претерпела сложный процесс цифровизации, сменив несколько моделей и до сих пор развивается и развивается. Внедрение комплексной медицинской информационной системы (КМИС) в условиях обязательного социального медицинского страхования привело к изменениям в оказании первичной медико-санитарной помощи (ПМСП) медицинскими организациями.

Ключевые слова: ПМСП, медицинское страхование, цифровизация, информационная система

SUMMARY

YERMUKHANOVA L.S., YEREZHEPOV B.E.

ORGANIZATIONAL AND SOCIAL FEATURES OF AN INTEGRATED MEDICAL INFORMATION SYSTEM AT THE PHC LEVEL

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

Over the past decade, the domestic healthcare system has undergone a complex process of digitalization, changing several models, and is still developing and developing. The introduction of an integrated medical information system (IMIS) in the context of compulsory social health insurance has led to changes in the provision of primary health care (PHC) by medical organizations.

Keywords: PHC, health insurance, digitization, information system..

КОШЕРБАЕВА Л., ИМАМАТДИНОВА А., САМАМБАЕВА А.

ЖҮРЕК – ҚАН ТАМЫР АУРУЛАРЫ МЫСАЛЫНДА АЛДЫН АЛУҒА БОЛАТЫН ӨЛІМДІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Жүрек-қан тамырлары аурулары барлық елдерде өлім мен аурудың негізгі себебі болып қала береді. Денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың тұрақты өсуі денсаулық сақтау жүйесі қызметінің тиімділігіне талдау жүргізуді талап етеді. Канадада және ЭЫДҰ елдерінде қолданылатын алдын алуға болатын өлім-жітім (превентивті және емделетін) көрсеткіштерін талдау Денсаулық сақтау секторының тиімділігін бағалаудың неғұрлым кешенді әдістерінің бірі болып табылады. Осы зерттеуде 2018 жылы Қазақстан Республикасында жүрек-қан тамырлары аурулары бойынша алдын алуға болатын өлім-жітім зерттелді..

Негізгі сөздер: жүрек-қан тамырлары аурулары, өлім-жітім, көрсеткіштер, талдау, зерттелді

Өзектілігі. Жүрек-қан тамырлары аурулары (ЖҚА) дамушы және дамыған елдерде өлім мен аурудың негізгі себебі болып қала береді, Жаһандық аурудың ауыртпалығы (GBD) 1990 жылдан 2019 жылға дейін есептелген, жалпы ЖҚА жағдайларының жалпы саны екі есе, ал өлім-жітім бір жарым есе өсті [1]. Денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың тұрақты өсуі денсаулық сақтау жүйесі қызметінің тиімділігіне талдау жүргізуді талап етеді. Бүгінгі таңда бірқатар қосымша әдістер бар және денсаулық сақтау секторының тиімділігін бағалаудың ең кешенді

әдістерінің бірі алдын алуға болатын өлім-жітім көрсеткіштерін талдау болып табылады (превентивті және емделетін). Қазіргі уақытта Канада және ЭЫДҰ елдері денсаулық сақтау жүйелерін талдау үшін алдын алуға болатын өлім-жітім көрсеткішін енгізді [2-5].

Зерттеу мақсаты. Қазақстан Республикасында жүрек-қан тамырлары аурулары бойынша алдын алуға болатын өлім-жітімге талдау жүргізу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Алдын алуға болатын, емделетін және алдын-алу көрсеткіштерін есептеу үшін тиісті тізімде көрсетілген өлім себептерін

(алдын алуға болатын, емделетін және превентивті) қоса алғанда, жас топтары бойынша өлімнің стандартталған коэффициентін (tst) қорытындылау қажет. ЭБДҰ және Еуростат әзірлеген әдіснаманың негізінде (2019) [5], жас топтары бойынша стандартталған және аурулардың әртүрлі типологиялары бойынша топтастырылған тіркеу деректерін пайдалана отырып, біз 2018 жылы Қазақстанда ЖҚА үшін алдын алуға болатын өлім-жітімді анықтадық. Қазақстан бойынша деректер РМК ШЖҚ «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы» алынды.

Нәтижелер мен талқылау. Өлімнің алдын-алуға болатын және емделетін себептерінің тізімін жасау кезінде келесі принциптер қолданылды: өлім себептерін алдын алуға болатын немесе емделетін өлім санатына жатқызу өлімнің осы себептері өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін профилактикалық немесе медициналық шаралар болып табылатындығына негізделген; өлімнің алдын алуға болатын себептері, сондай-ақ өлімнің себептері, әдетте, ішінара алдын алуға болатын және емделетін деп жіктелмеуі керек, егер бұл нақты және жүйелі түрде жасалғандығы туралы дәлелдер болмаса, үстемдіктің сенімді дәлелі болмаса, бұл жағдайда 50% -50% бөлу қолданылды және т. б.. Біздің алдын ала есептеулеріміз Қазақстан Республикасы үшін 2018 жылы қан айналымы жүйесінің алдын алу аурулары бойынша 100 000 тұрғынға шаққанда өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 116,9-ды және емделетін аурулар бойынша 16,1-ді құрағанын, ал жасына қарай стандартталған өлім-жітім коэффициенті 18,4-ті және емделетін аурулар бойынша 2,4-ті құрағанын көрсетті. Бұл ретте 45-64 жастағы еңбекке қабілетті жас топтары

арасындағы көрсеткіштер басқа жас топтарымен салыстырғанда неғұрлым жоғары болды.

Қорытынды. Біздің нәтижелеріміз жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу саясатының басым шараларының негізделгенін растайды және ауру мен өлім-жітімді азайту мақсатында алдын алу шараларын күшейту бойынша қосымша шаралар қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Roth GA, Mensah GA, Johnson CO, etc Global Burden of Cardiovascular Diseases Writing Group. Global Burden of Cardiovascular Diseases and Risk Factors, 1990-2019: Update From the GBD 2019 Study. J Am Coll Cardiol. 2020 Dec 22;76(25):2982–3021. DOI: 10.1016/j.jacc.2020.11.010.
2. 2012. Ottawa, Ontario: Canadian Institute for Health Information; 2012. Available at https://secure.cih.ca/free_products/health_indicators_2012_en.pdf. [Google Scholar]
3. Office for National Statistics. Avoidable mortality in England and Wales, 2011. Newport, Wales: Office for National Statistics; 2013. Available at http://www.ons.gov.uk/ons/dcp171778_311826.pdf. [Google Scholar]
4. AMIEHS. Avoidable mortality in the European Union: towards better indicators for the effectiveness of health systems. Rotterdam, Netherlands: 2011. Available at <http://amiehs.lshtm.ac.uk/publications/reports/amiehs%20final%20report%20vol%20i.pdf>
5. Avoidable mortality: OECD/Eurostat lists of preventable and treatable causes of death (January 2022 version) <https://www.oecd.org/health/health-systems/Avoidable-mortality-2019-Joint-OECD-Eurostat-List-preventable-treatable-causes-of-death.pdf>

РЕЗЮМЕ

КОШЕРБАЕВА Л., ИМАМАТДИНОВА А.,
САМАМБАЕВА А.

МЕТОДИКА РАСЧЕТА ПРЕДОТВРАТИМОЙ СМЕРТНОСТИ НА ПРИМЕРЕ СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

Сердечно-сосудистые заболевания остаются основной причиной смертности и заболеваемости во всех странах. Постоянный рост затрат на здравоохранение требует проводить анализ эффективности деятельности системы здравоохранения. Анализ показателей предотвратимой

SUMMARY

KOSHERBAYEVA L., IMAMUTDINOVA A.,
SAMAMBAYEVA A.

METHOD OF CALCULATING PREVENTABLE MORTALITY ON THE EXAMPLE OF CARDIOVASCULAR DISEASES

Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakstan

Cardiovascular disease remains the leading cause of death and morbidity in all countries. The constant increase in health care costs requires an analysis of the effectiveness of the health system. Analysis of preventable mortality rates (preventive and curable) used in Canada and OECD countries is one of the most comprehensive methods for assessing the effectiveness of the health sector. This study

смертности (превентивной и излечимой) применяемая в Канаде, и странах ОЭСР является одним из наиболее комплексных методов оценки эффективности сектора здравоохранения. В данном исследовании изучена предотвратимая смертность по сердечно-сосудистым заболеваниям в Республике Казахстан за 2018 год.

Ключевые слова: сердечно-сосудистые заболевания, показатели, анализ, смертность, исследовалось

studied preventable mortality due to cardiovascular diseases in the Republic of Kazakhstan for 2018.

Keywords: Cardiovascular diseases, mortality, indicators, analysis, studied.

ТАУШАНОВА М.К., ЕРМУХАНОВА Л.С., БОРЩУК Е.Л., ПЕТУХОВА М.Б., КАРАБЕКОВА С.Н.

«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ГЛАУКОМА АПТАЛЫҒЫ» АҚЦИЯСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Глаукома әлемнің экономикалық дамыған елдерінде еңбекке қабілетті жастағы науқастар арасында мүгедектіктің себептерінің бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, қазіргі уақытта әлемде глаукомамен ауыратын 105 миллионға жуық адам бар. Ақтөбе қаласында глаукомамен Алғашқы сырқаттанушылық деңгейі бойынша осы көрсеткіштің күрт өсуі байқалады: 2015 жылы 100 мың тұрғынға 72,8, 2020 жылы 100 мың тұрғынға 216,3. Ғылыми жұмыста осы іс-шараның нәтижелері зерттелді.

Негізгі сөздер: глаукома, мүгедектіктің себептері, 105 миллионға жуық адам, нәтижелер, зерттелді

Өзектілігі. Глаукома – әлемнің экономикалық дамыған елдеріндегі еңбекке қабілетті жастағы науқастар арасындағы мүгедектік себептерінің бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша қазіргі кезде әлемде глаукомамен ауыратын 105 миллионға жуық адам бар. Ақтөбе қаласында глаукомамен біріншілік аурушандық деңгейі бойынша бұл көрсеткіштің күрт өсуі байқалады: 2015 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 72,8 болса, бұл көрсеткіш 2020 жылы 216,3 құрады. Жыл сайын 6 наурызда атап өтілетін Дүниежүзілік глаукомаға қарсы күрес күні Қазақстанда офтальмологтар, жалпы практика дәрігерлері және глаукомамен ауыратын науқастар үшін бірқатар іс-шараларды дәстүрлі өткізуге себеп болады. Осыған орай, Ақтөбе қаласының № 3 қалалық емхана базасында Дүниежүзілік глаукомаға қарсы апталығы өтті. Ғылыми жұмыста аталған іс-шараның нәтижелері зерттелген.

Зерттеу мақсаты. Ақтөбе қаласының № 3 қалалық емхана базасында Дүниежүзілік глаукомаға қарсы апталығының нәтижелерін зерттеу.

Материалдар мен әдістер. Ақтөбе қаласының № 3 қалалық емханада 09.03-12.03.2022 жылында өткізілген глаукомаға қарсы апталықтың есебі, науқастың көзішілік қысымның нәтижелері, науқастарға арналған глаукома ауруының даму қаупін анықтау сауалнамалары.

Зерттеу әдістері: проспективті, ақпараттық-аналитикалық, статистикалық әдістер (орта және салыстырмалы шамаларды есептеу).

Нәтижелер мен талқылау. Глаукомаға қарсы күрес апталығында № 3 қалалық емханада 466 көзге (233 науқас) зерттеу жүргізілді. Зерттелушілердің орташа жасы – 56 жас (Q1 - 45 жас, Q3 - 64 жас) Жынысы: әйелдер – 61,4 %, ерлер – 38,6 %. OD – 19 мм с.б (Q1 - 17 мм с.б, Q3 – 22 мм с.б), OS – 20 мм с.б (Q1 - 18 мм с.б, Q3 - 22 мм с.б). Офтальмогипертензия – 46 науқаста, соның ішінде: біріншілік глаукома – 4, миотикалық режимді сақтамайтын – 4 науқас анықталды. Сауалнама нәтижелерін зерттелушілердің жастарының тобына байланысты анықтадық. 18 - 44 жас аралығында – 53 адам (глаукоманың даму қаупі төмен – 30 адам, глаукоманың даму қаупі орташа – 16 адам, глаукоманың даму қаупі жоғары – 7 адам), 45 - 59 жас аралығында – 85 адам (глаукоманың даму қаупі төмен – 49 адам, глаукоманың даму қаупі орташа – 24 адам, глаукоманың даму қаупі жоғары – 14 адам), 60 - 74 жас аралығында – 86 адам (глаукоманың даму қаупі төмен – 37 адам, глаукоманың даму қаупі орташа - 24 адам, глаукоманың даму қаупі жоғары - 25 адам), 75 - 90 жас аралығында – 9 адам (глаукоманың даму қаупі төмен – 4 адам, глаукоманың даму қаупі орташа – 3 адам, глаукоманың даму қаупі жоғары – 2 адам).

Қорытынды. Озық технологиялар мен қолжетімді диагностикалық тестілердің барына қарамастан, глаукомамен ауыратын науқастардың 50%-ы диагностикаланбай қалады, ал мұндай іс-шаралар глаукоманы ерте сатысында анықтауға көмектеседі. Аталған іс-шара бірнеше емханамен шектелмей, республика деңгейінде барлық облыстарды қамтуы тиіс. Глаукома бастапқы

кезеңдерде симптомсыз өтетіндіктен, тұрақты тексерудің маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру есебінен тұрғындар арасында офтальмологиялық қызметтерді пайдалануды ұлғайтуда тиімділікті арттыру үшін ерте анықтауға бағытталған денсаулықты нығайту жөніндегі бастамаларды және қауіп тобындағы (глаукомамен ауыратын науқастардың туыстары; қарт адамдар; қант диабетімен ауыратын науқастар; айқын көргіштігі, катарактамен ауыратын науқастар және т.б.)

ерте диагностикалау және алдын алу бойынша шаралар әзірлеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Kang JM, Tanna AP. Glaucoma. Med Clin North Am. 2021 May;105(3):493–510. DOI: 10.1016/j.mcna.2021.01.004. Epub 2021 Apr 2. PMID: 33926643.

РЕЗЮМЕ

ТАУШАНОВА М.К., ЕРМУХАНОВА
Л.С., БОРШУК Е.Л., ПЕТУХОВА М.Б.,
КАРАБЕКОВА С.Н.

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОВЕДЕННОЙ АКЦИИ «ВСЕМИРНАЯ НЕДЕЛЯ ГЛАУКОМЫ»

Западно-Казакстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казакстан

Глаукома является одной из причин инвалидности среди больных трудоспособного возраста в экономически развитых странах мира. По данным Всемирной организации здравоохранения, в настоящее время в мире насчитывается около 105 миллионов человек, страдающих глаукомой. В городе Актөбе по уровню первичной заболеваемости глаукомой наблюдается резкий рост данного показателя: 72,8 на 100 тыс. населения в 2015 году, 216,3 на 100 тыс. населения в 2020 году. В научной работе изучены результаты данного мероприятия.

Ключевые слова: глаукома, причины инвалидности, около 105 млн человек, результаты, исследовано

SUMMARY

TAUSHANOVA M.K., YERMUKHANOVA
L.S, BORSHCHUK E.L., PETUHOVA M.B.,
KARABEKOVA S. N.

THE RESULTS OF THE ACTIVITY «WORLD GLAUCOMA WEEK»

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Glaucoma is one of the causes of disability among patients of working age in economically developed countries of the world. According to the World Health Organization, there are currently about 105 million people suffering from glaucoma in the world. In the city of Aktobe, according to the level of primary glaucoma incidence, there is a sharp increase in this indicator: 72.8 per 100 thousand population in 2015, 216.3 per 100 thousand population in 2020. The results of this activity have been studied in the scientific work.

Keywords: Glaucoma, causes of disability, about 105 million people, results, studied.

ТІЛЕКТЕС А.Н. БАСПАКОВА А.М.

“АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕРЕСЕК ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА СҮТТІ ТҰТЫНУ ЖИЛІГІНЕ БАҒА БЕРУ” ЗЕРТТЕУІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазакстан медицина университеті, Актөбе, Қазакстан

Сүтті тұтыну көбінесе дұрыс және тендестірілген тамақтанудың маңызды элементі болып табылады. Бұл сүтқоректілердің сүйек массасын қалыптастыру және дененің дұрыс өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті қоректік заттармен қамтамасыз ететін алғашқы тамағы. Эпидемиологиялық зерттеулер сүттің адам рационьындағы тағамдық құндылығын растайды және жүрек-тамыр аурулары, қатерлі ісік, семіздік және қант диабеті сияқты бірқатар созылмалы аурулардың алдын-алуда оны тұтынудың мүмкін рөлін арттырады.

Негізгі сөздер: сүт, тұтыну, дене дамуы, сүйек массасын қалыптастыру, созылмалы аурулар, алдын алу

Өзектілігі. Сүтті тұтыну көбінесе дұрыс және тендестірілген тамақтанудың маңызды элементі болып табылады. Бұл сүтқоректілердің алғашқы тамағы,

ол сүйек массасын қалыптастыру және ағзаның дұрыс өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті энергия мен қоректік заттармен қамтамасыз етеді.

Эпидемиологиялық зерттеулер сүттің адам рационндағы қоректік құндылығын растайды және жүрек-қан тамыр аурулары, қатерлі ісік, семіздік және қант диабеті сияқты бірқатар созылмалы аурулардың алдын-алуда оны тұтынудың мүмкін рөлін арттырады [1,2].

Зерттеу мақсаты. Ақтөбе қаласындағы ересек тұрғындар арасында тұтынатын сүттің жиілігіне баға беру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуге 18 жастан асқан, өз еркімен және саналы түрде келісім берген Ақтөбе қаласының 461 ересек тұрғындары қатысты. Зерттеудің басында зерттелушілер «Google Форма» бағдарламасы арқылы сауалнамадан өтті, содан кейін алынған нәтижелер бойынша сипаттамалық статистикалық талдау жүргізілді.

Мәліметтерді статистикалық өңдеу. Халықты топтастыру атрибутивтік және вариациялық белгілері бойынша жүргізілді: атрибутивтік белгілері бойынша (сапалық сипаттаманы талдау үшін жынысы бойынша - ерлер мен әйелдерге бөлінді), вариациялық белгілері бойынша (халықты бөлу жасы бойынша қалыптасты).

Деректерді статистикалық талдау STATISTICA 10 бағдарламасының пакетін пайдалану арқылы жүргізілді. Зерттелетін параметрлер арасындағы тәуелділікті анықтау үшін Спирменның (r) дәрежелік корреляция коэффициентін қолдана отырып корреляциялық талдау жүргізілді. Барлық статистикалық процедуралар үшін статистикалық сенімділік деңгейі - $p < 0,05$.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу нәтижелері

бойынша зерттелушілердің ішінде әйелдер – 359, ер адамдар – 102 адам санын құрады. Сауалнаманы қазақ тілінде - 445, орыс тілінде - 16 адам толтырды. Сауалнама нәтижесінде: жас көрсеткіші бойынша орташа 30 (SD±6,8) жасты, бойдың ұзындығы бойынша орташа 168 (SD±8) см, салмаққа байланысты 63 (SD±10) кг-ды құрады. Сүтті пайдалану жиілігіне сәйкес: күнделікті – 369 адам тұтынып 79%-ды құрайды, ал сүтті мүлде тұтынбайтын 6 адам 1%-ды құрады. Сүтті тұтыну жиілігінің жыныстық ерекшеліктерінде әйелдер ерлерге қарғанда сүтті ($p=0,05$ сәйкес) 68%-ға артық тұтынады. Жиі қолданатын сүттің түрлеріне Спирменнің дәрежелік корреляция коэффициентін қолдана отырып номер 8-ші маркалы сүт – барлық сүт түрлерінің ең көп 20%-ын, ал ең азы номер 16-шы маркалы сүт – 0,6%-ды құрады. Сүтті пайдалану жиілігін 290 адам өзгерткілері келмейді, 65 адам азайтқысы келеді, 70 адам көбейткісі келеді және 36 адам бұл сұраққа жауап беруге қиналған.

Қорытынды. Ақтөбе қаласының ересек тұрғындары сүтті жиі пайдаланатындығы анықталды және әйелдер ерлерге қарағанда 68% жие тұтынады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Paula C Pereira. Milk nutritional composition and its role in human health. Nutrition. 2014;30(6):619–27.
2. Duncan SE, Webster JB. Oxidation and protection of milk and dairy products. Oxidation in Foods and Beverages and Antioxidant Applications, 2010;121–155.

РЕЗЮМЕ

А.Н.ТІЛЕКТЕС, А.М. БАСПАКОВА

ОЦЕНКА ЧАСТОТЫ ПОТРЕБЛЕНИЯ МОЛОКА СРЕДИ ВЗРОСЛОГО НАСЕЛЕНИЯ Г.АКТОБЕ

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Потребление молока часто является важным элементом здорового и сбалансированного питания. Это первая пища млекопитающих, которая обеспечивает все необходимые питательные вещества для формирования костной массы и обеспечения правильного роста и развития организма. Эпидемиологические исследования подтверждают питательную ценность молока в рационе человека и увеличивают возможную роль его потребления в профилактике ряда хронических заболеваний, таких как сердечно-сосудистые заболевания, рак, ожирение и диабет.

Ключевые слова: молоко, потребление, развитие организма, формирование костной массы, хронические заболевания, профилактика

SUMMARY

A.N.TILEKTES, A.M. BASPAKOVA

ASSESSMENT OF THE FREQUENCY OF MILK CONSUMPTION AMONG THE ADULTS OF THE CITY OF AKTOBE

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

Milk consumption is often an important element of a healthy and balanced diet. It is the first mammalian food to provide all the necessary nutrients for bone formation and proper growth and development of the body. Epidemiological studies confirm the nutritional value of milk in the human diet and increase the possible role of its consumption in the prevention of a number of chronic diseases such as cardiovascular disease, cancer, obesity and diabetes.

Keywords: milk, consumption, physical development, bone formation, chronic diseases, prevention.

ЖУБАНИЯЗОВА А.С., АРЕПБАЕВА Б.С., НҮРБОЛАТҚЫЗЫ А., ҚАБЫЛБАЕВ Н.А.

АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ МЕКТЕПТЕР ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУЛЫҚТАР ЖИНАҒЫНЫҢ САЛМАҒЫН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми-зерттеу жұмысы Ақтөбе қаласының 1-7 сынып оқушыларының оқулықтар жиынтығының салмағын санитарлық-гигиеналық бағалау үшін жүргізілді. Зерттеуге 100 оқушы (6-14 жас) оқулықтардың жиынтығы алынды. Зерттеу жұмыстары 2021 жылы жүргізілді. Өңірлік емханалардан Ақтөбе қаласы мектептерінің оқушылары арасында соңғы бес жылда сколиоз, жалпақ табан, мүсіннің бұзылуы туралы деректер алынды (2017-2021жж.).

Негізгі сөздер: Ақтөбе қаласы, санитарлық-гигиеналық бағалау, оқушы оқулықтары, мектептер, сколиоз

Өзектілігі. Мектеп оқушыларының жыл сайынғы диспансерлеу нәтижелерінің статистикасы мәліметтеріне сай, мектеп жасындағы балалардың 53%-ға жуығының денсаулық бұзылыстары дамығандығы белгілі. Мектеп жасындағы балаларда тірек-қимыл аппаратының бұзылыстарымен ауратындар саны 5 есе жоғарылайтыны анықталды [1]. Дене қалпының бұзылыстарының дамуында оқушы сөмкесіндегі тасымалданатын оқулықтар салмағының маңызы ерекше.

Зерттеу мақсаты. Ақтөбе қалалық мектептерінің 1-7 сынып оқушыларының оқулықтары салмағының санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін гигиеналық бағалау, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстарын анықтау.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми зерттеу жұмысына Ақтөбе қаласы мектептерінің 6-14 жас аралығындағы 100 оқушысының оқулықтары алынды. Жергілікті емханалардан алынған 1-7 сынып оқушыларының тірек-қимыл аппараттарындағы өзгерістер мәліметтерін талдау.

Нәтижелер мен талқылау. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы талаптарына сай жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, 1-3 сынып оқушыларының сөмкесінің орташа салмағы 3,49 кг, нормадан 1,49 кг артық; 4-5 сынып оқушыларының сөмкесінің орташа салмағы 3,8 кг, нормадан 1,3 кг артық; 6-7 сынып оқушыларының сөмкесінің орташа салмағы 4,58 кг, нормадан 1,08 кг артық екендігі анықталды. Нәтижелерге сәйкес зерттелген мектеп оқушыларының тәуліктік оқулықтар жинағы СанЕмН талаптарынан орташа есеппен 1,3 кг-ға артықтығы дәлелденді.

Ақтөбе қаласының 26 мектептері оқушыларының

арасында соңғы бес жылдықтағы (2017-2021ж.ж.) зерттеу нәтижелеріне сай және аймақтық емханалардан алынған мәліметтерді талдау нәтижесінде 543 сколиоз, 615 жалпақтабан, 663 дене қалпының бұзылысы тіркелген.

Қорытынды. Зерттеу қорытындысы бойынша Ақтөбе қалалық мектептерінің 1-7 сынып оқушыларының оқулықтары жинағы салмағының санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкессіздігі анықталды. Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалмау жағдайлары мектеп жасындағы балалар денсаулығы бұзылыстарының айқын көрінісі болатыны анық. Осыған байланысты мектеп оқушыларының оқулықтарының салмағын сәйкестендіру мақсатында оқулықтарды тоқсандарға арнап, бөліп басылым жасау, факультатив сабақтар үшін оқулықтарды және қосымша тасымалданатын дене шынықтыру формаларын мектепте қалдыруға мүмкіндік жасау, оқушыларды оқулықтармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету, мектептегі сабақтарда электронды оқулықтарды қолдану ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Новрузова ЭА, Николенко АН, Кутурова ГА. Сколько весит портфель современного школьника? Материалы III Дальневосточного медицинского молодежного форума. (Хабаровск). 2019;276–278.
2. Махомет АВ, Иванова ДД. Оценка соответствия веса комплектов учебников и школьных ранцев у учащихся учреждения общего образования требованиям санитарных норм. Сборник материалов VII интернет-конференции. (Гродно). 2021;136–139.
3. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы.

РЕЗЮМЕ

ЖУБАНИЯЗОВА А.С., АРЕПБАЕВА Б.С,
НУРБОЛАТКЫЗЫ А., КАБЫЛБАЕВ Н.А.

**ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ВЕСА
КОМПЛЕКТОВ УЧЕБНИКОВ УЧАЩИХСЯ
ШКОЛ ГОРОДА АКТОБЕ**

Западно - Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Научно-исследовательская работа проводилась для санитарно-гигиенической оценки веса комплектов учебников учащихся 1-7 классов г. Актобе. На исследование были взяты комплекты учебников 100 учащихся (6-14 лет). Исследовательская работа была проведена в 2021 году. Из региональных поликлиник получены данные о сколиозе, плоскостопии, нарушениях осанки среди учащихся школ г. Актобе за последние пять лет (2017-2021 гг.).

Ключевые слова: г.Актобе, санитарно-гигиеническая оценка, комплекты учебников учащихся, школы, сколиоз

SUMMARY

ZHUBANIYAZOVA A.S., AREPBAEVA B.S.,
NURBOLATKYZY A., KABYLBAYEV N.A.

**HYGIENIC WEIGHT ASSESSMENT OF
TEXTBOOKS FOR SCHOOL STUDENTS OF
AKTOBE CITY**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Research work was carried out for the sanitary and hygienic assessment of the weight of sets of textbooks for students in grades 1-7 in Aktobe. For the study, sets of textbooks of 100 students (6-14 years old) were taken. The research work was carried out in 2021. Data on scoliosis, flat feet, posture disorders among schoolchildren in Aktobe over the past five years (2017-2021) were obtained from regional polyclinics.

Keywords: Aktobe, sanitary and hygienic assessment, textbooks, schools, scoliosis.

МАДИХАН Ж.Ш., ДӘДЕНБАЕВА АҚНҰР ЕСЕНТАЙҚЫЗЫ

АДАМ АҒЗАСЫНА СЫРТҚЫ ОРТА ӘСЕРІНІҢ ЗИЯНДЫ ЖАҚТАРЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Жыл сайын қоршаған ортаның зиянды әсерінен адамдардың денсаулығына зиян келтіру саны көбеймесе, ол сөзсіз азаяды. Біздің қалада бірнеше ірі зауыттар бар. Олар адамзатқа зиян келтіретін зиянды түтіннің әртүрлі түрлерін шығарады. Сондықтан адамзатты қоршаған ортаның зиянды әсерінен қорғау қазіргі кездегі өзекті мәселе болып табылады

Негізгі сөздер: экология, атмосфера, зиянды факторлар, халық денсаулығы, экологиялық мәселелер

Өзектілігі. Жыл өткен сайын адамдардың сыртқы орта әсерінің зиянды жақтары себебінен зақымдануы артпаса, кемімей тұр. Өйткені, жыл сайын айналамызды қоршаған табиғатымыз, ауамыз, суымыз ластанып бара жатыр. Күніне қанша тонна мұнай өндіріліп, қалдықтары тірі табиғатқа, яғни, теңіздерге құйылып жатыр. Қаламызда бірнеше ірі заводтар жұмыс істейді. Солардан әртүрлі зиянды түтін бөлініп шығып, адамзат баласына неше түрлі залал келтіруде. Сондықтан да адамзат баласын сыртқы орта әсерінің зиянды жақтарынан қорғау – осы кездегі кезек күтпінмейтін өзекті мәселе.

Зерттеу мақсаты: Ғаламдық проблемалардың біріне айналған сыртқы ортаның зиянды факторларының адам ағзасына әсерін анықтау арқылы күресу жолдарын іздестіру.

Материалдары мен әдістері: Ақтөбе – Қазақстандағы экологиялық аймаққа жатады. Оған себеп, автомобиль көлігінің дамуы шудың көбеюіне және автомобиль газдарымен ауаны ластауына әкеледі. Кәріз жүйелерін тазалау құрылғысы орналасқан аумақтан қалаға дейінгі аралық 7 шақырымды құрайды.

сағатына 14 шақырым деп алсақ, жарты-ақ сағатта жағымсыз иіс қаланың солтүстік-батыс аумағына жетіп келеді. Тұрғындар қалашығы ауданында жаз бойы күлімсі иістің шығып тұруының негізгі себебі де осы, Елек өзенінің ластануы. Ақтөбе қаласының ауасхром қосындылары зауыты шығарады. Мұндағы мекемелерде ауаны ластауды азайтатын құраын ластайтын зиянды заттардың 49%-ын феррокорытпа зауыты шығарса, 25%-ын Ақтөбе л-жабдықтардың жартысы ғана істейді. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысы бойынша атмосфералық ауаны ластайтын 172 мекеме жұмыс істейді. Бұған Жаңажол мұнай-газ өндіретін кен орны да жатады. Шаң тазалағыш, өндіріс қалдықтарының дұрыс жұмыс істемеу салаларынан немесе іске алғысыздығынан бұл қалалардағы шаң-тозаңның орташа көрсеткіші белгіленген мөлшерден 4 есе, азот қос тотығы 2 есе, күкіртті ангидрид шамамен 0,2 есе артып отыр.

Зерттеу нәтижесі. Атмосфералық ауаның ластануы адамның денсаулығына және қоршаған ортаға организмдердің өмір сүруін қамтамасыз ететін әртүрлі жүйелердің тікелей және шұғыл қаупі мен баяу,

бірте-бірте күйзелтуге дейінгі әртүрлі тәсілдермен әсер етуі мүмкін. Елдімекендердің ауасындағы лас заттар адамдардың денсаулығына зиянын қарастырсақ, лас ауамен тыныс алған адам үстіртін тыныс алып, өкпе жеткіліксіз “желдетіледі”, организмге оттегі жетпей, әртүрлі биохимиялық процесстер бұзыла бастайды, бұл адамның әртүрлі ауруларға бейім болуына алып келеді. Күкіртті газ, азот тотықтары, хлор сияқты заттар жоғарғы тыныс жолдарын тітіркендірсе, басқалары, мысалы, корғасын, фтор бастапқыда әсері байқалмағанымен, организмде біртіндеп жиналып, ұзаққа созылатын аурулар туғызады.

Қорытынды: Адамдарды сыртқы ортаның зиянды факторынан қорғау – Қазақстан Республикасының алдында тұрған аса күрделі мәселе. Елімізде экологиялық

апатқа ұшыраған аймақтарда тұратын халықтардың денсаулығын қатаң бақылауда ұстау қажет. Неше түрлі экологиялық мәселелер, әсіресе өз тұрғысынан шешімдерін тапқан жоқ. Менің ойымша, ол үшін әр адам баласы экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелерін бір-бірімен сабақтастырғаны жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Булекбаева КБ. Экология және қоршаған ортаны қорғау оқулық. Алматы: Эверо, 2015;157б.
2. Кенесариев ҮИ, Жақашов НЖ. Экология және халық денсаулығы [Текст]: мед. жоғары оқу орындары мен колледждерге арналған оқу құралы. Орысшадан ауд. С. С. Әлібеков. Алматы: Ғылым, 2003;216б..

РЕЗЮМЕ

МАДИХАН Ж.Ш., ДАДЕНБАЕВА А.

ВРЕДНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ НА ОРГАНИЗМ ЧЕЛОВЕКА

Западно - Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

С каждым годом количество повреждения здоровья людей вследствие вредного воздействия окружающей среды если не увеличивается, то точно не уменьшается. В нашем городе есть несколько крупных заводов. Они выделяют различные виды вредного дыма, которые наносят вред человечеству. Поэтому защита человечества от вредного воздействия окружающей среды является актуальной проблемой в сегодняшние дни.

Ключевые слова: экология, атмосфера, вредные факторы, здоровье населения, экологические проблемы

SUMMARY

MADIKHAN ZH.SH., DADENBAYEVA A.

HARMFUL IMPACT OF THE ENVIRONMENT ON THE HUMAN BODY

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

Every year, the amount of damage to people's health due to the harmful effects of the environment, if not increasing, then definitely not decreasing. There are several large factories in our city. They emit various types of harmful smoke that harm humanity. Therefore, the protection of mankind from the harmful effects of the environment is an urgent problem today.

Keywords: ecology, atmosphere, harmful factors, public health, environmental issues.

ЖУБАНИЯЗОВА А.С., ӘБДІҒАЛИЕВА Д.Ж., ӘМІРХАНҚЫЗЫ Д., НҮРЛАН А.М.

МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2-3 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТАМАҚТАНУ РЕЖИМІН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің 2-3 курс студенттерінің тамақтану рационы бұзылған кезде пайда болатын аурулардың түрлерін және тамақтануын бағалау мақсатында ғылыми зерттеу жүргізілді. Зерттеуге «Жалпы медицина», «Қоғамдық денсаулық сақтау» факультеттерінің 2-3 курстарының 197 студенті қатысты. Зерттеу 2021 жылы жүргізілді.

Негізгі сөздер: гигиена, тамақтану режим, асқорыту жүйесі аурушаңдық, студенттер

Өзектілігі. Студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы басты құрам

бөліктерінің бірі ретінде тамақтану мәдениетінің рөлі ерекше. Ағзаның қалыпты өсуі мен дамуы және

тіршілігін қамтамасыз етуі үшін тағам қабылдау мерзімділігі, тағам қабылдау аралығындағы үзіліс, тәуліктік рационға кіретін жалпы калорияның 3-5 мезгілдік пайыздық арақатынасының сақталуы маңызды.

Зерттеу мақсаты. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті 2-3 курс студенттерінің (18-20 жас) тамақтану режимін анықтау, гигиеналық бағалау, асқорыту жүйесі аурушандық түрлерін талдау.

Материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеу жұмысы Марат Оспанов атындағы БҚМУ-де «Жалпы медицина», «Қоғамдық денсаулық сақтау» факультеттерінің 2-3 курс студенттеріне 2021 жылдың қазан-желтоқсан айларында асқазан-ішек жолдарының аурушандылығын анықтау мақсатында 197 адамға сауалнама жүргізілді.

Нәтижелері мен талқылауы. Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 55,3% (109 адам) күніне 1-2 рет, ал 6,6% (13 адам) 1 рет қана тамақтанатыны анықталды. Зерттеу жүргізілген студенттердің 51,8% (102 адам) таңғы асты кейде қабылдайтынын, 29,4% (58 адам) мүлдем қабылдамайтындығын көрсеткен. 28,6% (56 адам) респонденттерде тамақтану уақыты түнгі ұйқыдан 1-2 сағат бұрын мезгілге сай келсе, 23,8% (47 адам) респонденттерде тамақтанудан кейін бірден түнгі ұйқыға кететіндігі анықталды. Сауалнама барысында студенттер арасында аптасына 1-2 рет фаст-фуд тағамдар тұтынушылар саны 51,1% (101 адам), ал су режимін тәулігіне 1,5-2 л тұтыну 64,3% (127 адам) құраған.

Студенттердің денсаулық жағдайын 025/у амбулаториялық карталары (2021) бойынша талдау нәтижесінде аурушандық көрсеткіші бойынша 2-3 курс

студенттерінде салыстырмалы түрде жиі асқазан-ішек функционалды бұзылыстары, гастрит кездесетіндігін көрсетті (2-курс «Жалпы медицина» 514 студент, «ҚДС», «Стоматология» 143 студент; 3-курс «Жалпы медицина» 506 студент, «ҚДС», «Стоматология» 185 студент).

Қорытынды. Зерттеу қорытындысы бойынша, респонденттердің басым бөлігінде тамақтану режимінің сақталмайтындығы және рационалды емес тамақтану жағдайларының жиілігі анықталды. Аталған жағдайлар өз кезегінде студент жастар арасындағы асқорыту жүйесі аурушандық факторының негізгі көрсеткіштері. Осыған байланысты студенттердің тәуліктік жүктемелерін ескере отырып, күн режимін оңтайландыру, яғни оқу жүктемелері мен тамақтануды рационалды ұйымдастыру, ұстану және өмір салтына енгізу ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Королева ИВ, Лебедева ЕГ. Влияние режима питания на состояние здоровья студентов. Воспитательный процесс в медицинском вузе: Теория и практика. 2020;89–91.
2. Карманович ОИ. Изучение особенностей режима питания студентов-медиков. Сборник материалов VI межвузовской студенческой заочной научно-практической конференции с международным участием. 2021;156–158.
3. Капитонов ВР, Бускина ДА, Толмачев ДА. Соблюдение режима правильного питания студентами Ижевской государственной медицинской академии. Modern Science. 2020;12-2:125–129.

РЕЗЮМЕ

ЖУБАНИЯЗОВА А.С., АБДИГАЛИЕВА Д.Ж.,
АМИРХАНҚЫЗЫ Д., НУРЛАН А.М.

ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА РЕЖИМА ПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ 2-3 КУРСОВ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА

Западно - Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Научное исследование проводилось для оценки режима питания и видов заболеваний, возникающих при нарушении режима питания студентов 2-3 курсов Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова. В исследовании приняли участие 197 студентов 2-3 курсов факультетов «Общая медицина», «Общественное здравоохранения». Исследование проводилось в 2021 году.

Ключевые слова: гигиена, режим питания, заболевания желудочно-кишечного тракта, студенты

SUMMARY

ZHUBANIYAZOVA A.S., ABDIGALIEVA D.ZH.,
AMIRKHANKYZY D., NURLAN A.M.

HYGIENIC ASSESSMENT OF THE NUTRITION REGIME OF STUDENTS OF THE 2-3 COURSES OF THE WEST KAZAKHSTAN MARAT OSPANOV MEDICAL UNIVERSITY

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The scientific study was conducted to assess the diet and types of diseases that occur when students of 2-3 courses of the West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov do not comply with the diet. The study involved students of 2-3 courses of the faculties of «General Medicine», «Public Health» in the number of 197 students. The study was conducted in 2021.

Keywords: hygiene, diet, digestive system diseases, students.

РАКИШЕВА В.А., ЖАКСЫҒАЛИ А.А., НҰРМҰХАНОВ Б.Н., ХАМЗИЕВА М.М., КҮЗЕМБАЙА.С.,
НҰРБЕРГЕНҚЫЗЫ А.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ МАҢЫНДАҒЫ БҰЛАҚТАРДАН АУЫЗ СУДЫҢ САПАСЫН ТАЛДАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Зерттеу барысында бұлақтың және оған іргелес аумақтың тиісті деңгейде болмауы анықталды, бірақ ауыз судың зертханалық деректерінің нәтижелері бойынша судың нормаға сәйкес келетіні байқалады. Мүмкін, климаттың ерекшеліктері, топырақтың жағдайы, рельефі судың ластануына жол бермейді, бірақ бұл уақыт мәселесі. Егер уақтылы шаралар қолданылмаса, болашақта судың ластануына әкеліп соғуы және халықтың денсаулығына әсер етуі мүмкін.

Негізгі сөздер: Бұлақ, ауыз су, климат, топырақ, халық денсаулығы

Өзектілігі. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың көптеген көздері адамдардың назарын арттыратын көздерге айналуда – әркім табиғи және пайдалы суды ішуді қалайды. Бірақ судың денсаулық үшін толығымен қауіпсіз екеніне сенімді болу үшін бұлақ суын талдау қажет етеді.

Зерттеу мақсаты. Маржанбұлақ бұлағынан (төменгі) және Қайыңдысай бұлағынан ауыз судың сапасын зерттеу.

Материалдар мен әдістер. Ақтөбе қаласы аумағына жақын жерді және бұлақтардың жай-күйін (каптаж, дебит, судың орналасуы мен сапасы) қосу (бұлақтар қалаға жақын болуы тиіс) және алып тастау (каптажсыз) критерийлері бойынша зерделеп, 5 бұлақ: Асыл су, Қайыңдысай, Маржанбұлақ (жоғарғы), Маржанбұлақ (төменгі) және Ақшат ауылының бұлағы тексеруге жатады. Экономикалық тұрғыдан 2 бұлақтарды зерттеу туралы шешім қабылданды, сондықтан Қайыңдысай және Маржанбұлақ (төменгі) бұлақтарын кездейсоқ таңдалды. Бұлаққа және жақын жатқан аумаққа (топырақтың сипаты, жергілікті жердің рельефі, жел бағыты, климат) санитарлық тексеру жүргізу және микробиологиялық, химиялық және радиологиялық көрсеткіштерге 6 су сынамасын алу және зертханаға жіберу.

Нәтижелер мен талқылау. Қайыңдысай бұлағы тұрғын үйден 25-30 м, ағынды сулардан және сұйық қалдықтардан 15-20 м қашықтықта орналасқан. Көрнекі түрде топырақ пен қар жамылғысы жануарлардан сұйық қалдықтарымен ластанған. Каптаж бар және су жинауға арналған құбыр жүргізілген. Аумақ қоршалмаған, 1-белдеудің санитарлық-қорғаныш аймағы (бұдан әрі-СҚА) сақталмаған. Маржанбұлақ бұлағы бойынша (төменгі): елді мекеннің маңында төбеде бөлінген, зерттелетін аумақ қоршалмаған, 50 метр қашықтықтағы тұрғын үйлер, топырақ және қар жамылғысы таза. 1-белдеудің СҚА сақталмаған.

Маржанбұлақ бұлағының ауыз суын зерттеу нәтижелері бойынша: дәмі мен иісі Т-20-0 балл, лайлылығы 0,2мг/дм², химиялық: аммиак азоты 0,1мг/дм³, нитриттер азоты – 0,09мг/дм³, нитраттар азоты – 11,5мг/дм³, құрғақ қалдық – 316,0мг/дм³, хлоридтер-9,2мг/дм³, сульфат – 34,2мг/дм³, жалпы қаттылығы – 2,05мг-экв./л, микробиологиялық: жалпы микробтық саны – 23КОЕ/см³, жалпы колиформды бактерия анықталған жоқ, термотолерантты колиформды бактериялар-анықталған жоқ, радиологиялық: α-радиоактивтілік – 0,033±0,009Бк/кг, β-радиоактивтілік-0,319±0,021Бк/кг. Қайыңдысай бұлағындағы судың нәтижелері: дәмі мен иісі – 20°-0 балл, лайлылығы 0,2мг/дм², химиялық: аммиак азоты 0,1мг/дм³, нитриттер азоты – 0,09мг/дм³, нитраттар азоты – 7,5мг/дм³, құрғақ қалдық – 321,0мг/дм³, хлоридтер – 27,6мг/дм³, сульфат – 68,7 мг/дм³, жалпы қаттылығы – 4,4мг-экв./л, микробиологиялық: жалпы микробтық саны-17КОЕ/см³, жалпы колиформды бактерия-анықталған жоқ, термотолерантты колиформды бактериялар-анықталған жоқ, радиологиялық: α-радиоактивтілік – 0,039±0,008Бк/кг, β-радиоактивтілік – 0,287±0,024Бк/кг. Барлығы нормативтік нормаларға сәйкес шекті нормаларда көрсетілді.

Қорытынды. Зерттеу барысында бұлақтың және оған іргелес аумақтың тиісті деңгейде болмауы, 1-белдеудің санитарлық-қорғау аймағының және оған іргелес объектілердің сақталмауы анықталды, бірақ ауыз судың зертханалық деректерінің нәтижелері бойынша су сынамалары нормаларға сәйкес келетіні байқалады. Бірақ бұл уақыт мәселесі, егер бұлақтарды уақтылы күтіп ұстау бойынша шаралар қолданылмаса, болашақта бұл судың ластануына әкеліп соғуы және халықтың денсаулығына әсер етуі мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мазаев ВТ. Коммунальная гигиена {текст} учебник. Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2014;704с.

РЕЗЮМЕ

РАКИШЕВА В.А., ЖАКСЫҒАЛИ А.А.,
НҰРМҰХАНОВ. Б.Н., ХАМЗИЕВА М.М.,
КҮЗЕМБАЙ А.С., НҰРБЕРГЕНҚЫЗЫ А.

АНАЛИЗ КАЧЕСТВА ПИТЬЕВОЙ ВОДЫ ИЗ РОДНИКОВ ВБЛИЗИ ГОРОДА АКТӨБЕ

Западно-Казакстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казакстан

В ходе исследования было выявлено ненадлежащее содержание родника и прилегающей территории, но по результатам лабораторных данных питьевой воды видно, что вода соответствует норме. Возможно, особенности климата, состояние почвы, рельефа местности препятствуют загрязнению воды, но это вопрос времени. Если своевременно не принять меры, то в будущем может привести к загрязнению воды и повлиять на здоровье населения.

Ключевые слова: родник, питьевая вода, почва, здоровье населения

SUMMARY

RAKISHEVA V.A., ZHAKSYGALI A.A.,
NURMUKHANOV.B.N., KHAMZIEVA M.M.,
KUZEMBAY.A.S., NURBERGENKYZY A.

ANALYSIS OF THE QUALITY OF DRINKING WATER FROM SPRINGS NEAR AKTOBE CITY

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

During the study, improper maintenance of the spring and the surrounding area was revealed, but according to the results of laboratory data on drinking water, it can be seen that the water is in line with the norm. Perhaps the peculiarities of the climate, the state of the soil, the terrain prevent water pollution, but this is a matter of time. If timely measures are not taken, then in the future it can lead to water pollution and public health.

Keywords: spring, drinking water, climate, soil, public health.

САКЕБАЕВА Л.Д., КЫДЫРБАЕВА Д., ТЛЕККАБЫЛОВА Р.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҒЫНДА ТҰРАТЫН ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІП ҚАТЕРДІ БАҒАЛАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қоршаған орта факторларының халық денсаулығына әсер ету қаупін бағалау әлеуметтік-гигиеналық мониторингтің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар гигиеналық диагностиканың шыңы болып табылады. Зерттеу мақсаты: өнеркәсіптік аймақтағы атмосфералық ауаның халық денсаулығына әсер ету қаупін бағалау

Негізгі сөздер: гигиеналық мониторинг, диагностика, атмосфера, ауа, популяция

Өзектілігі. Халықтың денсаулығына тіршілік ету ортасы факторларының әсер ету қаупін бағалау-бұл әлеуметтік-гигиеналық мониторингтің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар гигиеналық диагностиканың шыңы. Бұл методологияны жүзеге асыру аумақтың санитарлық жағдайын бағалауға, профилактикалық іс-шаралардың тиімді жүйесін әзірлеуге және жүйелі талдау негізінде халықтың жеке немесе популяциялық денсаулығының болжамды көрсеткішіне қауіптің жекелеген факторларының салымдарын зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты. Өнеркәсіптік аймақтағы атмосфералық ауаның халықтың денсаулығына әсер ету қаупін бағалау.

Материал мен әдістер. Денсаулыққа қауіп-қатерді бағалауды «Руководство по оценке риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду» (Р 2.1.10.1920-04) сәйкес жүргізіп, есептедік.

Нәтижелер мен талқылау. Ақтөбе қаласының өнеркәсіптік аймағының ауасындағы химиялық

заттардың әсерінен, осы ауданда тұратын балалар үшін (0-ден 6 жасқа дейін) максималды канцерогендік емес қауіп анықталды деп айтуға болады. Тыныс алу, қан, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының жоғары қаупі байқалды. Атмосфералық ауаның құрамындағы күкірт ангидридi, күкіртті сутек және азот тотығы осы аурулардың пайда болу қаупін арттыратындығын атап өткен жөн. Химиялық факторлардың әсер етуінің жоғары қаупі жасөспірімдерде байқалып, оларда тыныс алу органдарының аурулары, қан, жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының жоғары қаупі байқалды. Аурулардың пайда болу қаупіне күкіртсутегі мен азот тотығы үлес қосады. Басқа талданған химиялық заттар үшін $HQ < 1$.

Ұқсас көрініс ересектер тобында – ерлерде де, әйелдерде де байқалады. Алайда, ересектерде аурудың даму қаупі балалар мен жасөспірімдерге қарағанда әлдеқайда аз екенін атап өткен жөн.

Қорытынды. Осылайша, зерттеулердің нәтижелері бойынша Ақтөбе қаласының өнеркәсіптік аймағының ауа бассейніндегі химиялық заттардың әсерінен ең жоғары канцерогенді емес қауіп, осы ауданда

тұратын балалар үшін (0-ден 6 жасқа дейін) белгіленген деп қорытынды жасауға болады. Тыныс алу органдары, қан және жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары тарапынан аурулардың пайда болу қаупі жоғары. Бұл ретте көрсетілген аурулардың даму қаупіне атмосфералық ауадағы күкіртті ангидрид, күкіртті сутегі, азот және көміртегі тотығы ықпал ететінін атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рахманин ЮА, и др. Руководство по оценке риска для здоровья населения при воздействии химических веществ, загрязняющих окружающую среду.

Москва. 2004;132.

2. Амреева К, Омирбаева С. Оценка риска влияния техногенного загрязнения атмосферного воздуха на здоровье населения в условиях центрального Казахстана. Современные проблемы науки и образования. 2012;6:196–196.
3. Заболотских ВВ, и др. Методология оценки рисков здоровью населения урбанизированных территорий. Известия Самарского научного центра Российской академии наук. 2016;18(5-2):284–289.

РЕЗЮМЕ

САКЕБАЕВА Л.Д., КЫДЫРБАЕВА Д.,
ТЛЕККАБЫЛОВА Р.

**ОЦЕНКА РИСКА ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ НАСЕЛЕНИЯ,
ПРОЖИВАЮЩЕГО В ПРОМЫШЛЕННОЙ
ТЕРРИТОРИИ ГОРОДА АКТОБЕ**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Оценка риска воздействия факторов среды обитания на здоровье населения является не только неотъемлемой частью социально-гигиенического мониторинга, но и вершиной гигиенической диагностики. Цель исследования: оценка риска воздействия атмосферного воздуха в промышленной зоне на здоровье населения.

Ключевые слова: гигиенический мониторинг, диагностика, атмосфера, воздух, популяция

SUMMARY

SAKEBAYEVA L.D., KYDYRBAEVA D.,
TLEKKABYLOVA R.

**HEALTH RISK ASSESSMENT OF THE
POPULATION LIVING IN THE INDUSTRIAL
TERRITORY OF AKTOBE CITY**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Assessment of the risk of environmental factors affecting the health of the population is not only an integral part of social and hygienic monitoring, but also the pinnacle of hygienic diagnostics. The purpose of the study: assessment of the risk of exposure to atmospheric air in an industrial zone on public health.

Keywords: hygienic monitoring, diagnostics, atmosphere, air, population.

НҮРСЕЙТОВА Т.Х., САГИНГАЛИЕВ Н.М., НАБИУЛЛИН А.Д.

**ӘРТҮРЛІ БЕТКЕЙЛЕРДІ ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН
АНТИСЕПТИКАЛЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ (ҮСТЕЛ, ЕСІК ТҮТҚАЛАРЫ)**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Антисептиктер мен дезинфекциялау құралдарының медициналық тәжірибеде және адамдардың күнделікті өмірінде маңызы өте зор. Қазіргі уақытта антисептиктер бүкіл әлемде кеңінен қолданылады. Құрамында спирт бар антисептиктердің жоғары тиімділігі ғылыммен дәлелденді. Олардың әмбебаптығы бар, патогендік микробтардың барлық түрлерін (бактериялар, вирустар) жояды.

Негізгі сөздер: дезинфекция, антисептика, гигиена, санитария, микробиология

Өзектілігі. Антисептиктер мен дезинфекциялық құралдар медициналық тәжірибеде және адамдардың күнделікті өмірінде өте маңызды. Бүгінгі таңда антисептикалық заттар бүкіл әлемде кеңінен таралды. Спирті бар антисептиктердің жоғары тиімділігі ғылыммен дәлелденді. Олар әмбебаптыққа ие, патогендік микробтардың барлық түрлерін (бактериялар, вирустар) жояды. Гигиена және санитария ережелеріне сәйкес

қолды ғана емес, сонымен қатар заттардың беттерін де антисептикалық заттармен өңдеуге болады. Бұл жұмыстың өзектілігі әртүрлі антисептикалық құралдардың арасында қолды, әртүрлі беттерді тиімді гигиеналық өңдеу үшін ең қолайлы құралды таңдай білу керек.

Зерттеудің мақсаты. Антисептикалық заттардың бактерияларды жою әсерін зерттеу, қолды және әртүрлі

беттерді өңдеу үшін антисептикалық заттардың тиімділігін тексеру.

Материалдар мен әдістер. антисептикалық заттар (дымқыл майлық), микробиология кафедрасындағы оқу аудиториясы, зертхана, кіреберіс есік, әжетхана, оқытушылардың кабинетінен есік тұтқаларынан алынған сынамалар және оқу аудиториясының үстелінен алынған сынама және бақылау ретінде зертханадағы үстелінен алынған сынама.

Зерттеудің негізгі әдістері ретінде микробиологиялық зерттеу әдісі, салыстырмалы талдау әдісі, синтез, модельдеу. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің микробиология кафедрасының зертханасында сынамаларды зертханалық жұмыс жүргізу арқылы зерттеу.

Нәтижесі мен талқылау. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің микробиология кафедрасының зертханасында сынамаларға зертханалық жұмыс жүргізілді. Үстел мен есік тұтқаларынан 30 сынама алынды. Тиімділігі жоғары болғандықтан, бақылау материалы ретінде спирт қолданылды. 5 түрлі антисептикалық дымқыл майлық жұмыс жүргізу барысында қолданылды. Есік тұтқаларынан алынған сынамалар антисептикалық заттармен өңделместен бұрын алынған сынамаларда 93

бактериялық колония анықталды, ал өңделгеннен кейін 13 бактериялық колония анықталды. Үстел бетінен антисептикалық заттармен өңделместен бұрын алынған сынамаларда 39 бактериялық колония анықталды, ал өңделгеннен кейін 9 бактериялық колония анықталды. Сонымен қатар, бір сынамада саңырауқұлақ өсімі байқалды.

Қорытынды. Зертханалық жұмыстың нәтижесі бойынша, антисептикалық заттармен әртүрлі беттерді өңдегеннен кейінгі алынған сынамадағы бактериялар колониялары саны өңдегеннен бұрын алынған сынамамен салыстырғанда анағұрлым аз болды. Бұның өзі антисептикалық заттардың тиімділігін көрсетеді. Бірақ саңырауқұлақ өсімінің пайда болуы антисептикалық заттардың саңырауқұлақтарға деген дәрменсіздігін көрсетеді.

Соңғы зерттеулердің мәліметтеріне сүйене отырып, дезинфекциялау үшін қолданылатын антисептикалық заттардың халық арасында қолдануға ұсынылуы мүмкін екендігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Статъя «Антисептические средства» https://zhivika.ru/article/antisepticheskie_preparaty
2. Голуб ВА, Косивцев ОА. Асептика и антисептика. Учебное пособие. Издательство ВолГМУ, 2019;

РЕЗЮМЕ

НҮРСЕЙТОВА Т.Х., САГИНГАЛИЕВ Н.М.,
НАБИУЛЛИН А.Д.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ АНТИСЕПТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ ДЛЯ ДЕЗИНФЕКЦИИ РАЗЛИЧНЫХ ВИДОВ ПОВЕРХНОСТЕЙ (СТОЛЫ, ДВЕРНЫЕ РУЧКИ)

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Антисептики и дезинфицирующие средства очень важны в медицинской практике и в повседневной жизни людей. Сегодня антисептические средства получили широкое распространение во всем мире. Высокая эффективность спиртосодержащих антисептиков доказана наукой. Они обладают универсальностью, уничтожают все виды болезнетворных микробов (бактерии, вирусы).

Ключевые слова: дезинфекция, антисептика, гигиена, санитария, микробиология

SUMMARY

NURSEITOVA T.KH., SAGINGALIEV N.M.,
NABIULLIN A.D.

EFFECTIVENESS OF ANTISEPTIC AGENT FOR DISINFECTION OF VARIOUS TYPES SURFACES(TABLE, DOOR HANDLES)

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

Antiseptics and disinfectants are very important in medical practice and in people's daily lives. Today, antiseptics have become widespread all over the world. The high effectiveness of alcohol-containing antiseptics has been proven by science. They are versatile, destroy all types of pathogenic microbes (bacteria, viruses).

Keywords: disinfection, antiseptic, hygiene, sanitation, microbiology.

НҰРМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., СҮЛЕЙМЕНОВ Т.Ж., С.А. ЖЕКЕМБАЕВА

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ СКРИНИНГ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Жұмыста ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың статистикалық материалдарын пайдалана отырып, Ақтөбе облысының тұрғындары арасында АИТВ-инфекциясына скринингтің нәтижелері мен эпидемиологиялық жағдайы зерделенді. Ақтөбе облысы АИТВ-инфекциясының таралуы салыстырмалы түрде төмен өңірлерге жатады, сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 43,9-ды құрады, бұл ҚР бойынша 3,5 есе төмен.

Негізгі сөздер: АИТВ, Ақтөбе облысы, ЖИТС, эпидемиологиялық жағдай, скрининг

Өзектілігі: АИТВ жаһандық денсаулық сақтаудың негізгі проблемаларының бірі: бүгінгі таңда вирус 36,3 миллион (27,2–47,8 миллион) адамның өмірін қиды. 2020 жылы 680000 адам АИТВ-мен байланысты себептерден қайтыс болды және 1,5 миллион (1,0–2,0 миллион) адам АИТВ жұқтырды. Өсу қорытындысымен (1989 жылдан бастап) облыста 630 АИТВ жұқтырғандар тіркелді, елімізде жыл сайын тестілеу көлемі артып келеді, 2019 жылы ҚР азаматтары арасында 3 млн. астам тест өткізілді.

Зерттеу мақсаты: Ақтөбе облысында АИТВ-инфекциясы және халықтың АИТВ-инфекциясының скринингі бойынша эпидемиологиялық жағдайын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Облыстық ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығының материалдары бойынша Ақтөбе облысындағы АИТВ-инфекциясының эпидемиологиялық жағдайы және халықтың АИТВ-инфекциясына скринингінің статистикалық материалдары.

Зерттеу нәтижелері: Ақтөбе облысында АИТВ/ЖИТС бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты, донорлық, медициналық манипуляциялар, «авариялық» жағдайлардан кейін жұқтыру болған жоқ. Облыс АИТВ-инфекциясының таралуы салыстырмалы түрде төмен ҚР өңірлеріне жатады, 31.12.2021 ж. көрсеткіш 100 мың тұрғынға 43,9-ды құрады, бұл ҚР бойынша 3,5 есе аз (152,4). Ең жоғары таралу көрсеткіші Мәртөк ауданында (93,9), Қарғалы ауданында (59,2), Ақтөбеде (56,5).

АИТВ-инфекциясының берілу жолдары бойынша талдауда, 31.12.2021ж. анықталған барлық жағдайлардың ішінде ҚР азаматтары арасында (526) жыныстық жолмен жұқтыру басым - 68,0%, ал инъекциялық есірткі тұтыну кезінде парентеральді жол 29,7%, вертикальді жол – 0,9%, анықталмаған – 1,1%, артифициалды – 0,2%. 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда эпидемиологиялық ахуалдағы өзгерістер: парентералдық жолдың өсуі, анықталған адамдар арасында ерлердің

және сотталғандар мен тергеуге қамалғандар үлесінің ұлғаюы, 30-39 жас және 0-1 жас тобында АИТВ инфекциясын өсуі байқалды. АИТВ-инфекциясына тексерілген ҚР азаматтарының саны 6,6%-ға өсті (2020 жылғы 174907-ден 2021 жылы 186456-ға дейін). Ақтөбе облысы бойынша 2021ж. облыстың жалпы тұрғындарынан АИТВ – ға тестілеумен камту көрсеткіші – 21% (2020ж. – 19,8%) - барлық медициналық ұйымдарда, ҚАЖД және ІД мекемелерінде тексеруді есепке алғанда.

31.12.21ж. ОПДО «Д» есебінде тұр - 662 ИЕҚ. 2021 жылы №2 нысан бойынша АИТВ-ға – 1324 ИЕҚ бойынша, АИТВ-ға тексеруге 629 ИЕҚ жатқызылды. ЖЖБИ бойынша тексерулердің саны – 1,9%-ға (894-тен 911-ге дейін) ұлғайды, бұл ретте ОТВД деректері бойынша сөз ауруларын тіркеу де 3%-ға аздап төмендеді (2020 жылғы 948-ден 2021 жылы 919 жағдайға дейін). 2021ж. ЖЖБИ диагнозы қойылған адамдардың 99,1% АИТВ-ға тексерілді (2020ж. 94,3%).

Қорытынды: Облыста АИТВ/ЖИТС бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Ақтөбе АИТВ-инфекциясының таралуы салыстырмалы түрде төмен ҚР өңірлеріне жатады, 31.12.2021 ж. көрсеткіш 100 мың тұрғынға 43,9-ды құрады, ҚР бойынша 3,5 есе аз (152,4). Ең жоғары таралу көрсеткіші Мәртөк ауданында (93,9), Қарғалы ауданында (59,2), Ақтөбеде (56,5). АИТВ-инфекциясының берілу жолдары бойынша жыныстық жолмен жұқтыру басым – 68,0%. 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда парентералдық (инъекциялық есірткі тұтыну кезінде) жолдың өсуі, анықталған адамдар арасында ерлердің және сотталғандар мен тергеуге қамалғандар үлесінің ұлғаюы, 30-39 жас және 0-1 жас тобында АИТВ инфекциясын өсуі байқалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Информационная панель ВОЗ – ВИЧ/СПИД (who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/hiv-aids)
2. <http://kncdiz.kz/ru/>
3. Страновой отчет о достигнутом (kncdiz.kz/files/00007836.pdf)

РЕЗЮМЕ

НҰРМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., СУЛЕЙМЕНОВ Т.Ж.,
ЖЕКСЕМБАЕВА С.А.

**АНАЛИЗ ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ
СИТУАЦИИ И СКРИНИНГА НА ВИЧ-
ИНФЕКЦИЮ ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

В работе изучена эпидемиологическая ситуация и результаты скрининга на ВИЧ-инфекцию среди населения Актобинской области с использованием статистических материалов областного центра по профилактике и борьбе со СПИД. Актобинская область относится к регионам с относительно низкой распространенностью ВИЧ-инфекции, показатель заболеваемости составил 43,9 на 100 тысяч населения, что в 3,5 раза ниже чем по РК.

Ключевые слова: ВИЧ-инфекция, СПИД, Актобинская область, эпидемиологическая ситуация, скрининг

SUMMARY

NURMAGANBETOVA G.ZH., SULEIMENOV T.ZH.,
ZHEKSEMBAYEVA S.A.

**ANALYSIS OF THE EPIDEMIOLOGICAL
SITUATION AND SCREENING FOR HIV
INFECTION IN THE AKTOBE REGION**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The paper examines the epidemiological situation and the results of screening for HIV infection among the population of the Aktobe region using statistical materials of the regional center for the prevention and control of AIDS. Aktobe region belongs to the regions with a relatively low prevalence of HIV infection, the incidence rate was 43.9 per 100 thousand population, which is 3.5 times lower than in the Republic.

Keywords: HIV, Aktobe region, AIDS, epidemiological situation, screening.

НАСУХИН Ш.Б., ЕРКІНБЕК А.Б., ҚУАНЫШБАЕВА Б.І.

**8 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТУБЕРКУЛЕЗ ҚОЗДЫРҒЫШЫ МЕН
ЗАЛАЛДАНУ ДӘРЕЖЕСІ ЖӘНЕ БЦЖ ВАКЦИНАСЫН ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ
АЛДЫН АЛУДАҒЫ ҚАЗІРГІ КҮНГІ РӨЛІ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Зерттеу БЦЖ вакцинасының эпидемиологиялық нәтижесін бағалауға арналған. Зерттеу 8 жасқа дейінгі балалардың инфекция дәрежесін анықтады, яғни 1-ші ревакцинация алдында Манту сынағасы. Мәселе БЦЖ шрамы мен эпидемиологиялық нәтижелер арасында корреляция бар ма.

Негізгі сөздер: туберкулез, иммундау, вакцинация, БЦЖ, эпидемиология

Өзектілігі: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы туберкулезбен күрес бағдарламасының басты бағыттарын анықтады – ауруды дер кезінде анықтау және туберкулезге қарсы иммундау процесі.

Туберкулезге қарсы вакцинация иммундау бойынша кеңейтілген бағдарламаға енгізілген; ол 200-ге жуық елдің вакцинация күнтізбелерінде қарастырылған. БЦЖ вакцинасы – тірі вакцина және вакцинациядан кейінгі асқынуларды тудыруы мүмкін. ДДҰ ұсынымдарына сәйкес, вакцинация бала өмірінің алғашқы күндерінде жүзеге асырылады. БЦЖ иммунизациясы балаларда туберкулезден болатын өлімді 75-80% азайтады. Яғни, жақсы клиникалық нәтиже береді.

Зерттеу мақсаты. 8 жасқа дейінгі балалардың туберкулез қоздырғышымен залалдануы (инфицированность) мен БЦЖ вакцинасының эпидемиологиялық нәтижелігін анықтау.

Материалдар және әдістер. 8 жастағы 104 мектеп оқушыларының БЦЖ іздерін (рубец) салыстыру.

Барлық зерттелген балалар 104, олардың 53 ер, 51 қыз балалар. Барлығыда А. қаласындағы

мектеп оқушылары. Олардың 77 иығында перзентханада жасалған БЦЖ тыртығы бар. 1 оқушыда тыртық жоқ, 2-оқушыда диаметрі 1,5-2 мм төмен. Зерттелгендердің 75-де БЦЖ тыртығы 1, 27-де БЦЖ тыртығы 2 мм, яғни 2 тыртығы барлар барлық балалардың 25 проценті. 1-ші тыртық 18 балада 5 мм және одан жоғары, 9 балада 4 мм төмен. Бұл балалардың 25 проценті. 2-ші тыртығы бар балалардың 17-де 1-тыртық мөлшері 2 мм-ден жоғары.

Нәтижелер мен талқылау. Балалар БЦЖ вакцинасымен 100% қамтылған. Барлық балаларда БЦЖ тыртығы болуы иммундық жауаптың қалыптасқандығының айғағы. Дегенмен, балалар ағзасында жоғары сезімталдықтың баяу типі қалыптасқан, қорғаушы лимфоциттер пайда болған. Бірақ, бұл қорғаныс күші тыртық мөлшеріне қарасақ ұзаққа созылмағанын байқаймыз. Оның айғағы 77 бала 7 жасқа келгенше туберкулез таяқшаларымен залалданған. Яғни, манту сынағасы оң болған.

Қорытынды. БЦЖ вакцинасының эпидемиологиялық нәтижесі күткендегідей 6-7 жылға дейін

жалғаспаған. Бала ағзасының ерекшелігіне қарай ол нәтиже 3-4 жылдан аспайды. Сондықтан да, БЦЖ ревакцинасын 6-7 жастан төменірек қылған дұрыс деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фаворов МО, и др. Оценка эффективности трех

коммерческих вакцин БЦЖ для профилактики туберкулеза у детей: результаты когортного контролируемого ретроспективного исследования. Инфекционные болезни: Новости. Мнения. Обучение. 2020;9.1(32):

РЕЗЮМЕ

НАСУХИН Ш.Б., ЕРКИНБЕК А.Б.,
КУАНЫШБАЕВА Б.И.

**ВОЗБУДИТЕЛЬ ТУБЕРКУЛЕЗА И СТЕПЕНЬ
ИНФИЦИРОВАННОСТИ ДЕТЕЙ ДО 8 ЛЕТ И
РОЛЬ ВАКЦИНЫ БЦЖ В ПРОФИЛАКТИКЕ
ТУБЕРКУЛЕЗА**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Исследование предназначено для оценки эпидемиологических результатов вакцины БЦЖ. При исследовании определяли степень инфицирования у детей до 8-ми лет, т. е. пробой Манту до 1-й ревакцинации. Вопрос заключается в том, существует ли корреляция между рубцом БЦЖ и эпидемиологическими результатами.

Ключевые слова: туберкулез, иммунизация, вакцинация, БЦЖ, эпидемиология

SUMMARY

NASUKHIN SH.B., YERKINBEK A.B.,
KUANYSHBAYEVA B.I.

**TUBERCULOSIS PATHOGEN AND THE DEGREE
OF INFECTION IN CHILDREN UNDER 8 YEARS
OF AGE AND THE ROLE OF THE BCG VACCINE
IN PREVENTING TUBERCULOSIS**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The study was designed to evaluate the epidemiological results of the BCG vaccine. The study determined the degree of infection in children under 8 years of age, i.e., the Mantoux test before the 1st revaccination. The question is whether there is a correlation between BCG scar and epidemiological results.

Keywords: tuberculosis, immunization, vaccination, BCG, epidemiology.

ӨТЕСІН М.А., МЫРЗАЛИЕВА А.С., СЕКСЕНБАЙ А.Ж., АХМЕДИЯР Е.М.

СУРЕТ ӨНЕРІ МЕДИЦИНА КӨЗҚАРАСЫМЕН

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Медицина призмасы арқылы өнерді зерттеу тақырыбы өткен ғасырдың 80-90 жылдарында пайда болды. 1986 жылы Брюссельде «ревматикалық аурулардың өнері, тарихы және өткені» симпозиумы өтті. Форум өнертану мен медицинада жаңа бет ашты. Көптеген сарапшылар кескіндеме немесе әдебиет туындылары нақты диагноз қоюға мүмкіндік бермейді, бірақ патологияның көріністерін көруге мүмкіндік береді деп санайды.

Негізгі сөздер: сурет өнері, медицина, суретшілер, патология, ревматикалық аурулар

Өзектілігі: Ежелгі дәуірден бастап медицина негіздері мен өнері бір-бірімен байланысты болды. Суретшілердің ерекше қызығушылығын әрқашан ерекше келбеті, деформациясы немесе патологиясы бар кейіпкерлерлерді бейнелеуге тырысты. Бұл қайта өрлеу дәуірінде, Еуропада сол жылдардағы қоғамның ауруларына қарсы тұрған әдемі дене идеализмге табыну болған кезде айқын көрінді [1]. Медицина призмасы арқылы өнерді зерттеу тақырыбы өткен ғасырдың 80-90 жылдары пайда болды. 1986 жылы Брюссельде «Ревматикалық аурулардың өнері, тарихы және өткені» атты симпозиум өтті. Форум өнертану мен медицинада

жаңа бет ашты. Онда өнердегі ревматикалық аурулардың түсіндірмесі талқыланды. Сарапшылардың көпшілігі (антропологтар, палеонтологтар, ревматологтар және өнер тарихшылары) кескіндеме немесе әдебиет туындылары нақты диагноз қоюға мүмкіндік бермейді, бірақ патологияның көріністерін көруге мүмкіндік береді [2].

Зерттеу мақсаты. Суреттерді қарау арқылы, арнайы анықтамалықтар мен атластарды қолдана отыра аномалиялар мен ауытқуларды, патологияларды табу.

Материалдар мен әдістер. Ретроспективті палеоэпидемиология, әр тарихи кезеңдегі суреттердегі

аномалиялар мен патологияларды зерттеу.

Нәтижелер мен талқылау. Рубенстің «Жер мен су одағы» атты суретінде сарапшылар жалпақ табан мен hallus valgus – жалпақ алдыңғы бөлік, 1-ші табан сүйектің басының деформациясын тапты. И.П. Богдановтың «Новичок» (Жалпақ табан). В.Г. Перов. «Ұйқыдағы балалар» (Балға тәрізді 2-ші саусақ), Х.Рибера «Хромоножка» (Туа біткен маймақтық, деформацияланған аяқ және сирақ-табан буыны айқын көрінеді). Линкольн Портреті (Марфан синдромы: ұзын бойлы, жіңішке, тар иық, жалпақ кеуде, пропорционалды емес ұзын қолдар мен аяқтар, тар қолдар, ұзартылған бет, биік бас сүйек). Э. Мунктің «Мұра» туа біткен мерезі бар баланы суреттейді. «Қарттың немересімен портреті» қарт адам ринофимадан зардап шегуі бейнеленген, ерте Қайта өрлеу дәуірінің суретшісі Доменико Гирландайоның (1449-1494) ең жақсы жұмыстарының бірі. «Құбыжықтардың тарихы» кітабындағы В.Алдрованди автор склеродерманың ауыр түрімен ауыратын науқастарға тән ақаулары бар әйелді суреттеді. Швейцария XIV–XX ғасырлар кезеңінде жергілікті суретшілер салған портреттерден алынған фотосуреттерді талдау негізінде әртүрлі аурулардың

сыртқы белгілерін зерттеді. Портреттерде көбінесе жемсау байқалды, бұл ерлермен салыстырғанда әйелдерде жиі кездеседі (сәйкесінше 41 және 24%). Бұл факт кездейсоқ емес және сол кезде Швейцария аймағында йод тапшылығының салдары болуы мүмкін. Туберкулез Еуропада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында кең таралған және сол кездегі көптеген суретшілер өз картиналарында осы аурумен ауыратын адамдарды бейнелеген [3].

Қорытынды. Бейнелеу өнері керемет тарихи қорғана емес, сонымен қатар медицинаның ғылыми эволюциясын көруге мүмкіндік беретін, дәрігерлер үшін денсаулық, өмір және өлім туралы көзқарастар көкжиегін кеңейтудің тәсілі болып қалмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ермильченко НВ. Что есть что в искусстве. М.: Слово, 2001;48с.
2. Шапиро КИ. Травматология и ортопедия в зеркале искусства. СПб., 1995;28с.
3. Дворецкий ЛИ. Живопись и медицина. Размышления врача о живописи и художниках. 2010;

РЕЗЮМЕ

ӨТЕСІН М.А., МЫРЗАЛИЕВА А.С., СЕКСЕНБАЙ А.Ж., АХМЕДИЯР Е.М.

ИСКУССТВО С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ МЕДИЦИНЫ

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Тема изучения искусства через призму медицины возникла в 80-90-х годах прошлого века. В 1986 году в Брюсселе прошел симпозиум «искусство, история и прошлое ревматических заболеваний». Форум открыл новую страницу в искусствоведении и медицине. Большинство экспертов считают, что произведения живописи или литературы не позволяют поставить точный диагноз, а позволяют увидеть проявления патологии.

Ключевые слова: искусство, медицина, художники, патология, ревматические заболевания

SUMMARY

OTESIN M.A., MYRZALIEVA A.S., SEKSENBAY A.ZH., AKHMEDIYAR E.M.

ART FROM THE POINT OF VIEW OF MEDICINE

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

The topic of studying art through the prism of medicine arose in the 80-90s of the last century. In 1986, a symposium «The art, history and past of rheumatic diseases» was held in Brussels. The Forum has opened a new page in art history and medicine. It discussed the interpretation of rheumatic diseases in art. Most experts believe that paintings or literature do not allow an accurate diagnosis, but allow you to see the manifestations of pathology.

Keywords: art, medicine, artists, pathology, rheumatic diseases.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КОНТИГЕНТТЕР БОЙЫНША ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРАТЫНДАРДЫ ФЛЮОРОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУМЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ

Семей медицина университеті, Семей, Қазақстан

Зерттеудің мақсаты – туберкулездің таралуы мен эпидемиологиясы туралы толық ақпарат беру, халыққа профилактикалық іс-шараларды түсіндіру. Егер бұл шаралар орындалса, ауру азаяды.

Негізгі сөздер: туберкулез, эпидемиология, халық, профилактика, іс-шаралар

Өзектілігі. Қазіргі кезде туберкулез ауруы өзекті мәселелердің бірі. Аурудың дамуына тұрмыстық жағдайдың нашар болуы, гигиеналық шаралардың толық орындалмауы да себептерге жатады. Әлем бойынша туберкулезді емдеуде DOTS бағдарламасы енгізілген, Қазақстанда осы бағдарлама енгелі аурудың таралуы 41,6% азайған. Жыл сайын орташа есеппен елімізде 25 мың адам ауруға шалдығады. Оған әсер етуші факторлар көп. Зерттеу мақсаты. Флюорография диагностикасы арқылы анықталған туберкулездің Шығыс Қазақстан Облысы бойынша статистикасын анықтай отырып, аурудың алдын алу шараларын түсіндіру болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында статистикалық анализ әдісі бойынша ШҚО аймағында аурудың деңгейін бағаладық. Сонымен қатар, аурудың алдын алу шаралары жөнінде мамандардың кеңестерін талдадық.

Нәтижелер мен талқылау. Туберкулез ауруын статистикалық анализ арқылы талдау жасағанда жалпы зерттеуге қатысқандар саны 650444 (95,70 %) құрады. Статистика ШҚО 16 ауданы бойынша және Риддер, Семей, Өскемен қалалары бойынша жүргізілді. Статистика бойынша зерттеуге қатысқан міндетті контингенттер 232304 (96,6 %) құрады. Ал қосымша топ ретінде алынған қатысушылар саны 418140 (95,2 %). Екі топтан туберкулез анықталған адамдарды бөліп қарастырдық. Міндетті контингенттер тобынан 111 адам, екінші топ 172 адам, жалпы жиыны 283 адамды құрады. Жалпы көрсеткіштер бойынша Глубокое ауданында туберкулез анықталған науқастар саны 31 адам, сонымен қатар, ең төменгі көрсеткіш Курчатов ауданында 1 адам анықталды. Ауру мүлдем анықталмаған аудан

қатарына Катон-Қарағай ауданы, Күршім ауданы жатады. Эпидемиологиялық таралуын бағалау үшін біз картаны қолдандық. Карта арқылы аудандардың байланысын анықтадық. Ауру көбінесе ШҚО солтүстік аудандары мен оңтүстік-батыс аудандарында кең таралған. Солтүстік-шығыс аудандарында ауру көрсеткіші ең төмен деңгейде. Бұл аурудың таралу аумағы мен жиілігін бағалауға көмектесті. Ағзада моноциттер мен лимфоциттердің мөлшерінің азаюы ауру дамуына әсер етеді. Себебі моноциттер туберкулезге қарсы иммунитетті қалыптастырады. Емдеу мақсатында қолданылатын тиімділігі жоғары дәрілерге изониазид пен рифампицин жатады. Ол Кох таяқшасының резистенттілігін жояды. Оның өзі резистенттілігіне қарай монорезистентті, полирезистентті деп бөлінеді.

Қорытынды. Туберкулез ауруын диагностикалауда флюорографияның маңызы зор. Флюорография қолжетімді сонымен бірге анықтауға өте тиімді. Аурудың алдын алу үшін бөлмені жиі желдетіп, дезинфекциялық ерітінділерді жиі қолдану қажет. Оның ішінде хлорамин, кальций перхлоратының күшті бактерицидтік әсері бар. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану да өте маңызды. Эпидемиологиялық жағдай күрделі аудандарда халыққа профилактика шараларын өткізу өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тапбергенов С.О. Медициналық және клиникалық биохимия. 2016;382б.
2. Рахимов Қ.Д. Фармакология. Оқу құралы. 2015;519б.
3. Рамазанова БА, Құдайбергенов Қ, Котова АЛ, Уразалин ММ, Табаева АА. Медициналық микробиология. 2011;369б.

РЕЗЮМЕ

РАХИМЖАНОВА Ф.С., МАЛИК М.М.,
АБДРАХМАНОВ М.Д.

**ОХВАТ И ВЫЯВЛЕНИЕ БОЛЬНЫХ
ТУБЕРКУЛЕЗОМ ФЛЮОРОГРАФИЧЕСКИМ
ИССЛЕДОВАНИЕМ ПО КОНТИНГЕНТАМ В
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Медицинский университет Семей, Семей, Казахстан

Цель исследования: дать полную информацию о распространенности и эпидемиологии туберкулеза, разъяснить населению профилактические мероприятия. Если эти меры будут выполнены, то заболеваемость снизится.

Ключевые слова: туберкулез, эпидемиология, народ, профилактика, мероприятия

SUMMARY

RAKHIMZHANOVA F.S., MALIK M.M.,
ABDRAKHMANOV M.D.

**COVERAGE AND IDENTIFICATION
OF TUBERCULOSIS PATIENTS BY
FLUOROGRAPHIC EXAMINATION OF THE
CONTIGENTS IN THE EAST KAZAKHSTAN
REGION**

Semey Medical University, Semey, Kazakhstan

The purpose of the study is to provide complete information on the prevalence and epidemiology of tuberculosis, to explain preventive measures to the population. If these measures are implemented, the incidence will decrease.

Keywords: tuberculosis, epidemiology, population, prevention, measures.

КУРГАНБЕКОВА М.Б., БОЛАТОВА А.А., ЕРМУХАНОВА Л.С., КАЛДЫБАЕВ К.К., АБДИКАДИРОВА И.Т., КИМАТОВА К.Н.

**ҚЫЗЫЛОРДА ЖӘНЕ ОРАЛ ҚАЛАЛАРЫ БОЙЫНША ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ
ЕМДЕЛУШІЛЕРДЕГІ ПОЛИПРАГМАЗИЯ МӘСЕЛЕСІ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қарт адамдардың 80%-ға жуығы созылмалы аурулармен ауыратыны белгілі. Қарт адамдар жиі ауырады, әдетте бірнеше созылмалы аурулары бар және медициналық көмекке мұқтаж.

Бұл зерттеудің мақсаты – Орал және Қызылорда қалаларындағы қарт адамдардағы фармакотерапияны зерттеу

Негізгі сөздер: Орал қаласы, Қызылорда қаласы, полипрагмазия, гериатрия, фармакотерапия

Өзектілігі. Қарт адамдардың 80%-ға жуығы созылмалы аурулармен ауыратыны белгілі. Егде жастағы адамдар жиі ауырады, әдетте бірнеше созылмалы аурулары бар және медициналық көмекке мұқтаж. Бұл аурулардың әрқайсысы тұрақты дәрілік терапияны қажет ететін жағдайда, қабылданған препараттардан жағымсыз әсерлердің даму қаупі бірнеше есе артады.

Біздің зерттеу жұмысымыз Қызылорда және Орал қалалары бойынша егде жастағы адамдардағы фармакотерапияның ерекшеліктерін сауалнама арқылы зерттеу. Полипрагмазиямен ауыратын қарт адамдарға дәрі-дәрмектерді қабылдау бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің мақсаты. Орал және Қызылорда қалаларындағы егде жастағы адамдарда фармакотерапияны зерттеу.

Материалдар мен әдістер. Сауалнама алу. Бастапқы зерттеуіміз Орал және Қызылорда қалаларының 65 жастан асқан тұрғындар арасында сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізілді.

Зерттеу әдістері. сауалнама жүргізу, бірмезеттік-көлденең зерттеу, екі тәуелсіз топты салыстыру.

Зерттеуге Орал және Қызылорда қалалары бойынша 65 жастан асқан 400 респондент қатысты. Орал қаласы бойынша әйел адамдар үлесі – 53%, ер адамдар – 47%. Ал, Қызылорда қаласы бойынша әйел адамдар үлесі - 54%, ер адамдар - 46%. Дәрігерге қаралу жиілігі төмен, яғни Орал қаласы бойынша 42,5%-ы, Қызылорда қаласы бойынша 41,5%-ы тек қажеттілік туындағанда ғана дәрігердің қаралуына барады және 83,5%-ы (Орал), 81,5%-ы (Қызылорда) жиі баратын дәрігерлер тізімі ретінде кардиолог, окулисті көрсеткен. Ауырсыну кезінде дәрілерді қолдану деңгейі аз, яғни Орал қаласы бойынша 28,5%-ды, Қызылорда қаласы бойынша 33%-ды құрады және ең көп тараған қолданыстағы дәрілерге витаминдерді жатқызған.

Қорытынды. Қызылорда және Орал қалаларында жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша әйелдер ерлерге қарағанда дәрігерлерге жиі баратынын көрсетті (тиісінше 53,7% – 46,3%).

Дегенмен, егде жастағы тұрғындарды қамтыған бұл зерттеу дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі даму ықтималдығы жоғары болғандықтан, егде жастағы емделушілерде фармакотерапияны мұқият бақылау қажеттілігін көрсетті. Бұл медициналық көмектің сапасын

жақсартуға және ықтимал болжанатын дәрілік заттардың өзара әрекеттесу санын азайтуға мүмкіндік беретін дәрі-дәрмектерді пациенттерге тағайындау кезінде дәрігерлердің мұқият болуын талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Drenth-van Maanen AC, Wilting I, Jansen PAF. Prescribing medicines to older people—How to

consider the impact of ageing on human organ and body functions. *British Journal of Clinical Pharmacology*. 2020;86(10):1921–1930.

2. Beard JR, et al. The World report on ageing and health: a policy framework for healthy ageing. *The Lancet*. 2016;387(10033):2145–2154.

РЕЗЮМЕ

КУРГАНБЕКОВА М.Б., БОЛАТОВА А.А.,
ЕРМУХАНОВА Л.С., КАЛДЫБАЕВ К.К.,
АБДИКАДИРОВА И.Т., КИМАТОВА К.Н.

**ПРОБЛЕМА ПОЛИПРАГМАЗИИ У ПАЦИЕНТОВ
ПОЖИЛОГО ВОЗРАСТА ПО ГОРОДАМ
КЫЗЫЛОРДА И УРАЛЬСК**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Известно, что около 80% пожилых людей страдают хроническими заболеваниями. Пожилые люди часто болеют, обычно имеют несколько хронических заболеваний и нуждаются в медицинской помощи.

Цель данного исследования - изучение фармакотерапии у лиц пожилого возраста в г. Уральске и Кызылорде

Ключевые слова: г.Уральск, г.Кзылорда, полипрагмазия, гериатрия, фармакотерапия

SUMMARY

KURGANBETOVA M.B., BOLATOVA A.A.,
YERMUKHANOVA L.S., KALDYBAEV K.K.,
ABDYKADIROVA I.T., KIMATOVA K.N.

**THE PROBLEM OF POLYPRAGMASIA IN
ELDERLY PATIENTS IN KYZYLORDA AND
URALSK CITIES**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

It is known that about 80% of older people suffer from chronic diseases. Older people are often sick, usually have several chronic diseases and need medical attention.

The purpose of this study is to study pharmacotherapy in elderly people in Uralsk and Kyzylorda

Keywords: Uralsk, Kyzylorda, polypragmasia, geriatrics, pharmacotherapy.

ЖУМАШЕВА А.К., ЕСМУХАНОВА Д.У., ДЕМЕУОВА А.С.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қашықтықтан оқыту жүйесі қазіргі таңда білім беру саласында оқушылардың жеке тұлға ретінде өсіп, дамуына мүмкіндік беретін тиімді оқыту әдісіне айналды. Мамандарды уақыт талабына сай дайындап, оқытудың тиімділігін арттыруда кеңінен қолданылатын әлеуметтік желілерді пайдаланудың да маңызы зор.

Негізгі сөздер: COVID-19, жасөспірімдер, студенттер, әлеуметтік желілер, қашықтықтан оқыту

Өзектілігі. Әлем бойынша COVID-19 вирусының кең таралуына байланысты, дүние жүзінің көптеген елдерінде қашықтықтан оқыту жүйесі жаппай енгізіле бастады. Қашықтықтан оқыту жүйесі – қазіргі таңда оқу-ағарту саласында білім алушының өзін өзі өсіру мен тұлға ретінде дамытуға мүмкіндік беретін тиімді оқыту әдісіне айналды. Уақыт талабына сай мамандарды даярлау үшін және оқыту тиімділігін жақсарту үшін кең қолданыстағы әлеуметтік желілерді де пайдаланғанымыз жөн.

Зерттеудің мақсаты. Жасөспірімдер мен студенттердің қазіргі уақыттағы жиі қолданатын ең танымал

әлеуметтік желілеріне тоқталсақ, олар: ВКонтакте.ру, Facebook, Одноклассники, Instagram, TikTok т.б.с.с. Бұл әлеуметтік желілердің қолданылу аясы мен ақпарат алмасудағы мүмкіндіктерінің сан алуан сипаттарына қарамастан біз үшін маңызды мақсат – қашықтықтан оқыту жүйесінде әлеуметтік желілерді тиімді қолдана білу болмақ.

Материалдар мен әдістер. Студенттердің басым көпшілігі бос уақыттарының 90%-ын әлеуметтік желілерде өткізеді екен, демек оқыту жүйесінде қолданудың да ықпалы мол болмақ. Ақпарат алмасу арқылы ой-өрісін кеңейтуге, келешектегі кәсіби біліктілігін

шыңдауға, ғылыми шығармашылықпен айналысуға құлшыныстарын арттыруға септігін тигізеді [1,2,3]. Әлеуметтік желілердің студенттерге тигізетін игі ықпалын анықтау мақсатында 1 және 5 курс студенттері арасында арнайы сауалнамалар жүргізілді.

Нәтижелері мен талқылау. Әлеуметтік желілерді пайдалану әсіресе бірінші курс студенттерінің жаңа оқу орнына тез бейімделуіне ықпал етеді. Сауалнама нәтижесінде қашықтықтан оқытуда әлеуметтік желілерді пайдалану кейде студенттердің оқу жетістіктерінің деңгейіне оң әсер ететіндігі аңғарылды. Зерттеу нәтижелері бойынша ең жиі қолданылатын әлеуметтік желілердің озық үштігін анықтадық. Олар: TikTok студенттердің 31% қолданады, Instagram – 27%, ВКонтакте.ру. – 19% жиі қолданады. Ал кейбір студенттердің Facebook, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердің көмегіне сүйенетіндігі байқалды.

Қорытынды. Сонымен қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту саласы – талайдың арманын жүзеге асыруына мол мүмкіндік беретін жаңа бағыттағы

оқу жүйесі. Ал әлеуметтік желілерді осы мақсатқа дұрыс қолданудың студенттер үшін пайдасы мол. Осы жолда оқытушылардың студенттерге өзіндік ізденіске жетелейтін кеңес-бағдар беруі айрықша маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фещенко АВ. Социальные сети в образовании: анализ опыта и перспективы развития. [Электронный ресурс] - Режим доступа: <http://journals.tsu.ru/engine/download.php?id=43381&area=files> Гуманитарная информатика. 2011;6:
2. Рулиене ЛН. Образовательные возможности социальных сетей. Дистанционное и виртуальное обучение. 2010;5:43–46.
3. Чернов ИВ. Социальные сети как инструмент обучения и коммуникации студентов. Социология образования. 2010;7;71–75.

РЕЗЮМЕ

ЖУМАШЕВА А.К., ЕСМУХАНОВА Д.У.,
ДЕМЕУОВА А.С

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА СИСТЕМУ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Западно-Казакштанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казакштан

Система дистанционного обучения в настоящее время стала эффективным методом обучения в сфере образования, который позволяет студентам расти и развиваться как личности. Применение широко используемых социальных сетей также важно для подготовки специалистов в соответствии с требованиями времени и повышения эффективности обучения.

Ключевые слова: COVID-19, подростки, студенты, социальные сети, дистанционное обучение

SUMMARY

ZHUMASHEVA A.K., YESMUKHANOVA D.U.,
DEMEUOVA A.S.

INFLUENCE OF SOCIAL NETWORKS ON THE SYSTEM OF DISTANCE LEARNING

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

The distance learning system has now become an effective teaching method in the field of education, which allows students to grow and develop as individuals. The use of widely used social networks is also important for training specialists in accordance with the requirements of the times and increasing the effectiveness of training.

Keywords: COVID-19, teenagers, students, social networks, distance learning.

ОМАРОВА А.О., ЖАМАЛОВ А.О., МУХИТБЕК Г.А.

МІНЕЗ ҚҰЛЫҚ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ.ТЕМЕКІ ШЕГУ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазакштан

Жастар арасында темекі тұтыну мәселесі туралы даулар әлі де басылған жоқ. Соңғы жылдары жастардың темекіге деген көзқарасы бүкіл әлемде оң. Жастар арасында темекі тұтыну мәселесі аурудың өсуіне ықпал етеді.

Негізгі сөздер: Темекі тұтыну, жастар, мәселе, ауру, өсу

Өзектілігі. Жастар арасындағы темекі тұтыну проблемасы жайындағы даулар әлі күнге дейін басылмайды. Соңғы жылдары әлем бойынша жастар арасындағы темекіге көзқарастары позитивті. Жастар арасындағы темекі тұтыну проблемасы, аурулардың көбеюіне ықпал етеді.

Зерттеу мақсаты. Жастар арасында темекі шегудің таралуын, олардың темекі шегуге деген көзқарасын, темекі шегудің денсаулыққа зияны туралы білімін, темекі шегуден бас тартуға ұмтылысын, темекі шегуден бас тартуды, пассивті темекі шегуді, жарнама мен анти рекламаны және оны жастардың қабылдауын, темекі бұйымдарына қол жетімділікті, мектепте оқыту курсына енгізілген темекі шегуге қарсы күрес жөніндегі бағдарламаларды зерттеу және бағалау болды.

Материалдар мен әдістер. Темекі шегу жастар арасында алғаш темекіні 15-19 жас арасында қолданып көрген екен, ол 62% алып отыр. Отбасында темекі шегетіндердің үлесі 44%. Темекі шекпейтіндердің үлесі 64% құрап отыр, осының арасында темекі

шегетіндердің үлесі 14 %, олардың темекі шегуінің себебі, стресстік жағдайлар екен. БАҚ- көрсетілетін темекі жарнамасы, сұранаумаға қатысушылардың пікірі бойынша, 66% мұндай жағдайға әсер етпейді дейді. Сұранаумаға қатысқан 50 адамның барлығы да темекі денсаулыққа зиян екенін түсініп отыр екен.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу нәтижесінде темекі шегу 15-19 жас аралағында басталады. Отбасыларында темекі шеккен сосын тастап кеткен және кейбір отбасыда бір адам шегеді. Темекі шегу достарының айналасында басталған және күніне 5 данадан көп шегеді. Темекінің қымбат болуы шегуді төмендетеді. Темекі шегудің жағымды жақтары жоқ.

Қорытынды. Жұмысымызды қорытындылайтын болсақ, жастар арасындағы темекі тұтыну өзінің жоғары максимумында тұр деп айтуымызға болады. Темекі тұтынуды тоқтату үшін Қазақстанда бағасын көтеру керек және жастарға темекінің қаншалықты зиян екенін айтуымыз керек.

РЕЗЮМЕ

ОМАРОВА А.О., ЖАМАЛОВ А.О., МУХИТБЕК Г.А.

ПОВЕДЕНЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ РИСКА. КУРЕНИЕ-ГЛОБАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОСТИ

Медицинский Университет Караганды, Караганда, Казахстан

Споры о проблеме потребления табака среди молодежи до сих пор не утихают. В последние годы отношение молодежи к табаку во всем мире позитивное. Проблема потребления табака среди молодежи способствует росту заболеваемости.

Ключевые слова: курение, молодежь, проблема, заболеваемость, рост

SUMMARY

OMAROVA A.O., ZHAMALOV A.O., MUKHITBEK G.A.

BEHAVIORAL RISK FACTORS: SMOKING IS A GLOBAL PROBLEM OF OUR TIME

Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan

The debate about the problem of tobacco use among young people still does not subside. In recent years, the attitude of young people to tobacco around the world has been positive. The problem of tobacco consumption among young people contributes to the increase in morbidity.

Keywords: tobacco use, youth, problem, disease, growth

ИРМУХАНОВ Б.Б., БАЙСЕЙІТ Б.А.

АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ ОПА БЮРОСЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША ЖАТЫР МОЙЫНДЫҒЫНЫҢ БИОПСИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ САРАПТАМАСЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекшілері – м.ғ.к. Қалиев А.Р., м.ғ.к. Қазбекова Г.А.

Зерттеу нәтижелері бойынша асқынбаған алмұрт жатыр мойны эктопиясының асқынған топтан басым болуы, сондай-ақ 20-29 жас аралығындағы екі топта да жатыр мойнындағы патологиялық өзгерістердің күрт артуы байқалды, сондықтан алдын алу үшін уактылы скрининг жүргізу керек деп санаймыз.

Негізгі сөздер: цервикальды эктопия, жатыр мойындығының эктопия, биопсия, жатыр, метаплазия.

Өзектілігі. Цервикальды эктопия әйел жыныс жолдарының қатерсіз патологиялық үдерістері ішінде жетекші орын алады және уақытында емдеуді талап етеді. 25 жасқа дейінгі босанбаған жас әйелдерде цервикальды эктопиялық жағдайлар 85-тен 89% -ға дейін анықталады, ал оның асқынбаған түрі тек 17,7% -да ғана кездеседі [1]. Цервикальды эктопияның онкологиялық аспектісі де маңызды, өйткені метаплазия үдерісінің бұзылысы аурудың бастапқы кезеңі болып табылып, жатыр мойындығының қатерлі ісігінің дамуына алып келеді [2,3].

Зерттеу мақсаты. 1. Ақтөбе қалалық ОПА Бюросындағы биопсиялық зерттелген материалдардың қорытындысы бойынша соңғы үш жылдағы (2019-2021ж) жатыр мойындығының эктопиясының жиілігін анықтау. 2. Әйелдердің жас шамасын есепке ала отырып, асқынбаған және асқынған цервикальды эктопияның жиілігін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу соңғы үш жылдағы (2019-2021ж) ОПА Бюродағы биопсия зерттеулерінің тіркеу журналдарының мәліметтері және соған сәйкес гистологиялық материалдар бойынша жүргізілді. Зерттелген гистологиялық кесінділер стандартты технология бойынша жасалды: 10% формалинге бекіткеннен кейін стандартты гистологиялық өңдеуден өткізеді, парафинге салу, кесінді гематоксилин және эозинмен боялады. Микропрепараттарды сипаттау және суретке түсіру микроскоп (SOPTOP CX40) көмегімен жүзеге асырылды.

Талқылаулары мен нәтижелері. Алға қойған

зерттеу мақсатымызға сәйкес 2019-2021 жылдар аралығында 3447 биопсиялық зерттеу жағдай өткізілді. Науқастың жас шамасын есепке ала отырып екі топқа бөлінді: I топқа – цервикальды эктопияның асқынбаған тобы – 2459 жағдай;

II топқа – цервикальды эктопияның асқынған тобы – 988 жағдай. Зерттеу қорытындысы бойынша цервикальды эктопияның асқынбаған тобының жиілігі асқынған тобына қарағанда басымдылығы байқалды, сонымен қатар, жас шамасы 20-29 жас аралығынан бастап екі топтағы жатыр мойындығының патологиялық өзгерістерінің күрт өсуі анықталды.

Қорытынды. 20 жас шамасынан бастап цервикальды эктопияның және оның асқинуларының күрт өсуін, жатыр мойындығының асқинулары қатерлі ісікке ұласу мүмкіндігін есепке ала отырып, патологияның алдын алу үшін уақытылы скрининг өтуі тиіс деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рудакова ЕБ, Панова ОЮ, Вотрина ИР. Возрастные особенности патологии шейки матки. Гинекология. 2004;4:184–188.
2. Кондриков НИ. Патология матки, М: Практическая медицина, 2010;11–94с
3. Клиническая гинекология. Избранные лекции: Матер. Конгресса «Практическая гинекология: от новых возможностей к новой стратегии». Под ред. В.Н. Прилепской. М.: МЕДпресс-информ, 2007;480с.

РЕЗЮМЕ

ИРМУХАНОВ Б.Б., БАЙСЕЙИТ Б.А.

ИССЛЕДОВАНИЕ БИОПТАТА ШЕЙКИ МАТКИ ПО АКТЮБИНСКОМУ ОБЛАСТНОМУ БЮРО ПАТОЛОГИЧЕСКОЙ АНАТОМИИ

Западно-Казакхстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казакхстан

По результатам исследования отмечено преобладание неосложненной группы цервикальной эктопии над осложненной группой, а также резкое увеличение патологических изменений шейки матки в обеих группах с возрастом от 20-ти до 29-ти лет, поэтому мы считаем, что для профилактики должен быть проведен своевременный скрининг.

Ключевые слова: цервикальная эктопия, эктопия шейки матки, биопсия, матка, метаплазия

SUMMARY

IRMUKHANOV B.B., BAISEIT B.A.

THE STUDY OF CERVICAL BIOPSY BY THE AKTOBE REGIONAL BUREAU OF PATHOLOGICAL ANATOMY

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

According to the results of the study, the prevalence of uncomplicated cervical ectopia over the complicated group was noted, as well as a sharp increase in pathological changes in the cervix in both groups aged 20 to 29 years, so we believe that timely screening should be carried out for prevention.

Keywords: cervical ectopia, cervical ectopia, biopsy, uterus, metaplasia.

**ОРАЛ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША 65 ЖАСТАН АСҚАН АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ
ПОЛИПРАГМАЗИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Жас ұлғаюымен қатар жұқпалы емес аурулармен сырқаттанушылық өсуде, бұл өз кезегінде дәрілік терапия көлемін арттыру қажеттілігіне әкеледі, бұл жағдайда полифармация жиі кездеседі.

Зерттеудің мақсаты. Орал қаласындағы егде жастағы адамдардың фармакотерапиясын зерттеу.

Негізгі сөздер: полипрагмазия, гериатрия, фармакотерапия, Орал қаласы.

Өзектілігі. Демографиялық деректер бойынша 2020 жылғы есеп беруде, егде жастағы халықтың үлесі Қазақстанда 11% - ды құрады. Жастың ұлғаюымен қатар инфекциялық емес аурулармен аурушаңдық та өсуде, бұл өз кезегінде дәрілік терапия көлемін арттыру қажеттілігіне әкеледі, бұл жағдайда полипрагмазия жиі кездеседі. «Полипрагмазия» термині (poly-көп және прагма- зат) көптеген дәрі-дәрмектерді немесе емдік процедураларды және жиі негізсіз тағайындауды білдіреді.

Біздің зерттеу жұмысымыз Орал қаласының егде жастағы адамдарындағы фармакотерапияның ерекшеліктерін сауалнама арқылы зерттеуді көздейді.

Зерттеу мақсаты. Орал қаласы бойынша егде жастағы адамдарда фармакотерапияны зерттеу.

Материалдар мен әдістер. Бастапқы зерттеуіміз Орал қаласының 65 жастан асқан тұрғындар арасында сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізілді. Алынған нәтижелерге сай қорытынды жасалды.

Зерттеу әдістері: сауалнама жүргізу, бірмезеттік – көлденең зерттеу.

Зерттеуге Орал қаласы бойынша 65 жастан асқан 200 респондент қатысты. Жынысы бойынша әйел адамдар үлесі – 53%, ер адамдар – 47%. Сауалнамаға қатысқандардың 32%-ы көп балалы отбасында тұрады, ал 39%-ы жалғыз тұрады. 44,5%-ы ақшаның өмір сүруге әрең жететінін атап өтті, бірақ олардың 47,5%-ы толық және толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейді. 57%-ға жуығы орта немесе жоғары білімі бар, яғни

кәсіби дәрежесі бар. Дәрігерге қаралу жиілігі төмен, яғни 42,5%-ы тек қажеттілік туындағанда ғана дәрігердің қаралуына барады және 83,5%-ы жиі баратын дәрігерлер тізімі ретінде кардиолог, окулисті көрсеткен. Ауырсыну кезінде дәрілерді қолдану деңгейі аз, яғни 28,5%-ды құрады және ең көп тараған қолданыстағы дәрілерге витаминдер (83,5%) жатады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей егде жастағы адамдар арасында дәрілік заттарды қолдану деңгейі төмен. Себебі, халық емінің (табиғи өнімдер: қызым, шұбат, құйрық май, т.б.) қолданылу деңгейі әлдеқайда жоғары. Егде жастағы адамдарды емдеуге арналған дәрілік заттардың отандық шектеу тізбелерін құру керек екенін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ильина ЭС, Богова ОТ, Горбатенко СВ, Головина ОВ, Шалыгин ВА, Ивашенко ДВ, Сеницына ИИ, Савельева МИ, Потапов ВН, Гончарова ОВ, Пузин СН, Сычев ДА. Начало фармакотерапии как фактор риска для пожилых пациентов. 2019;32(5):781–786.
2. El Morabet N, et al. Prevalence and preventability of drug-related hospital readmissions: a systematic review. Journal of the American Geriatrics Society. 2018;66(3):602–608.
3. Nonzee NJ, Luu TH. The drug shortage crisis in the United States: impact on cancer pharmaceutical safety. Cancer Policy: Pharmaceutical Safety. Springer, Cham, 2019;75–92.

РЕЗЮМЕ

АБДИКАДИРОВА И.Т., НҰРМҰХАНОВ Б.Н.,
СУЛТАНОВА Г.Д., ЕРМУХАНОВА Л.С.,
КИМАТОВА К.Н., КУСПАНГАЛИЕВА Г.С

**ПРОБЛЕМЫ ПОЛИПРАГМАЗИИ СРЕДИ ЛИЦ
СТАРИШЕ 65 ЛЕТ ПО ГОРОДУ УРАЛЬСК**

Западно-Казakhstanский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

SUMMARY

ABDIKADIROVA I.T., NURMUKHANOV B.M.,
SULTANOVA G.D., YERMUKHANOVA L.S.,
KIMATOVA K.N., KUSPANGALIEVA G.S

**PROBLEMS OF POLYPRAGMASIA AMONG
PEOPLE OVER 65 YEARS OF AGE IN THE CITY
OF URALSK**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Наряду с повышением возраста, растет заболеваемость неинфекционными заболеваниями, что, в свою очередь, приводит к необходимости увеличения объема лекарственной терапии, в данном случае чаще встречается полипрагмазия.

Цель данного исследования: изучение фармакотерапии у лиц пожилого возраста по г. Уральск.

Ключевые слова: полипрагмазия, гериатрия, фармакотерапия, г. Уральск

The debate about the problem of tobacco use among young people still does not subside. In recent years, the attitude of young people to tobacco around the world has been positive. The problem of tobacco consumption among young people contributes to the increase in morbidity.

Keywords: Tobacco use, youth, problem, disease, growth.

КУРГАНБЕКОВА М.Б., САЛЫҚОВА Р., ҚУАНАЛИЕВА Д., НИЕТОВА К., ЖАҚСЫБАЕВА З.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2009-2019 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Демографиялық мәліметтер маңызды, өйткені олар халықтың әртүрлі сипаттамалары туралы кең түсінік береді. Бұл ақпарат әсіресе мемлекеттік ұйымдарға халыққа қатысты маңызды саяси шешімдер қабылдау үшін пайдалы.

Негізгі сөздер: демография, салыстырмалы талдау, жоспар, көрсеткіш, статистика

Өзектілігі. Демографиялық көрсеткіштердің маңыздылығы, олардың тұрғындардың әртүрлі сипаттамаларына кең мағынада түсініктеме бере алуында. Бұл ақпарат мемлекеттік ұйымдарға тұрғындарға байланысты маңызды саяси шешімдерді шығару үшін ерекше маңызды болып келеді. Жеке сектордағы мекемелер де демографиялық көрсеткіштерді тұрғындарды дұрыс тани алу үшін, сәйкесінше стратегиялық және маркетингтік жоспарларды құру үшін қолданады. Демографияны және оның статистикалық мүмкіншіліктерін түсіне білу тек үкіметке, кәсіпкерлерге және экономисттерге емес, барлығына да өте маңызды. Демографиялық көрсеткіштер арқылы қабылданатын шешімдер біздің күнделікті өмірімізге елеулі әсер етуі мүмкін.

Зерттеудің мақсаты: 2009-2019 жылдар аралығындағы ҚР облыстарының демографиялық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу тақырыбы бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының, шетел мемлекеттердің демографиялық саясатты жүзеге асырудағы тәжірибелері туралы ғылыми әдебиеттерге талдау жасалынды. Сонымен қатар, статистикалық талдау үшін 2009-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы статистикалық жинақтағы демографиялық көрсеткіштер қолданылды.

Нәтижелері мен талқылау. Қазақстан

Республикасының демографиялық саясат шеңберіндегі нормативті құқықтық актілерге талдау жасалынды. Статистикалық көрсеткіштерден қалыптасқан деректер базасы негізінде жекелеген демографиялық үрдістер мен құрылымдардың динамикасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының облыстарында демографиялық дамуының кеңістіктік ерекшеліктері туралы ақпарат көзі ретінде әрекет ететін графикалық және картографиялық материалдар дайындалды.

Қорытынды. Қазақстанда демографиялық өсімді ынталандыруға бағытталған бірнеше бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылған және негативті тенденцияларды алдын алу мақсатында демография мен миграцияға жауапты өкілетті органдар құрылған. Алайда, демографиялық ахуалдың және халық денсаулығының нашарлауы ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қауіп-қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтан демографиялық көрсеткіштердің динамикасын әрдайым бақылауда ұстау өзектілігін жоғалтпайтын үрдіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс
2. Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы 2009-2019 жылдар аралығында шыққан статистикалық жинақтар
3. www.strategy2050.kz сайтындағы мәліметтер

РЕЗЮМЕ

КУРГАНБЕКОВА М.Б., САЛЫКОВА Р.,
КУАНАЛИЕВА Д., НИЕТОВА К.,
ЖАКСЫБАЕВА З.

**«СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ
ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА 2009-2019
ГОДЫ»**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Демографические данные важны, поскольку они обеспечивают широкое понимание различных характеристик населения. Эта информация особенно полезна правительственным организациям для принятия важных политических решений, касающихся населения

Ключевые слова: демография, сравнительный анализ, план, показатели, статистика

SUMMARY

KURGANBEKOVA M.B., SALYKOVA R.,
KUANALIEVA D., NIETOVA K.,
ZHAKSYBAEVA Z.

**COMPARATIVE ANALYSIS OF DEMOGRAPHIC
INDICATORS OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN FOR 2009-2019**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Demographic data are important, to the extent that they provide a broad understanding of the distinctive characteristics of the population. This information is especially useful for government organizations to adopt important political decisions concerning the population.

Keywords: demography, comparative analysis, plan, indicator, statistics.

ТАУШАНОВА М.К., ТЫНДЫБАЕВА Ә.М., АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ Ж., ТАЖБЕНОВА С.Т.,
КУРГАНБЕКОВА М.Б.

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ҚАНТ ДИАБЕТІ
АУРУШАҢДЫҒЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Бүкіл әлемде кең таралған созылмалы аурулардың бірі – қант диабеті. Соңғы жылдары қант диабеті ауыр созылмалы ауру ретінде ғана емес, сонымен бірге өзекті болып келе жатқан маңызды Медициналық және әлеуметтік проблема ретінде де қарастырылуда.

Негізгі сөздер: қант диабеті, созылмалы аурулар, эндокринология, ретроспективті талдау, мүгедек

Өзектілігі. Бүкіл әлемде созылмалы инфекциялық емес аурулардың ішінде кең таралғаны қант диабеті. Қант диабеті соңғы жылдары әлеуметтік маңызды ауру ретінде ғана емес, медициналық-әлеуметтік мәселе ретінде де қарастырылуда. Қант диабетінің кең таралуы айтарлықтай асқинуларға, мерзімінен бұрын болатын өлім-жітім мен мүгедектіктің басты себебі болуына, айтарлықтай медициналық, әлеуметтік, сондай ақ экономикалық шығындарға әкеліп соқтырады.

Зерттеудің мақсаты: 2016-2020 жж. аралығындағы Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы тұрғындарының қант диабетімен аурушандық динамикасын зерттеу.

Материалдар мен әдістер: Ақтөбе облысының және Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдар аралығындағы қант диабетінен біріншілік аурушандық, жастық ерекшеліктері бойынша ересектер, жасөспірімдер және балалар арасындағы біріншілік аурушандық көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізілді.

Зерттеу әдістері: ретроспективті, ақпараттық-аналитикалық, статистикалық әдістер (орта және

салыстырмалы шамаларды есептеу, динамикалық қатар құру).

Нәтижелері мен талқылау. Ақтөбе облысында 2016-2020 зерттеу жылдары аралығында қант диабеті бойынша біріншілік аурушандықтың өсу қарқыны Төсу=5,8% құрады, ал Ақтөбе қаласында бұл көрсеткіш Төсу=3,9%-ға жетті. 2016-2020 зерттеу жылдары аралығында Ақтөбе облысында қант диабетімен ересектер арасындағы біріншілік аурушандық бойынша Төсу=6,6%-ға жоғарылағанын көрсетті. Ал Ақтөбе қаласында қант диабетімен ересектер арасында біріншілік аурушандық бойынша Төсу=5,1%-ға жоғарылағаны анықталды.

Қорытынды: Ретроспективті талдау нәтижесінде 2016-2020 жылдар аралығында Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласы бойынша қант диабетімен біріншілік аурушандық жыл сайын артып жатқаны анықталды. Қант диабеті аурушандығының артуы онымен байланысты қауіп факторларының өсуіне байланысты. Қауіп факторларының алдын алудың қазіргі кездегі тиімді тәсілдерінің бірі созылмалы ауруларды басқару

бағдарламасы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Грузева Т.С. Борьба с хроническими неинфекционными заболеваниями: Европейский и украинский контекст. Здоровье—основа человеческого потенциала: проблемы и пути их решения. 2013;8(1):291–293.
2. Касапов КИ. Медико-социальное обоснование развития сети школ для обучения самоконтролю пациентов с хроническими неинфекционными заболеваниями. Вестник Всероссийского общества специалистов по медико-социальной экспертизе, реабилитации и реабилитационной индустрии. 2013;1:19–21.
3. Global action plan for the prevention and control of noncommunicable diseases 2013-2020.WHO. 2013;55.

РЕЗЮМЕ

ТАУШАНОВА М.К., ТЫНДЫБАЕВА А.М.,
АКЫЛБЕККЫЗЫ Ж., ТАЖБЕНОВА С.Т.,
ТАУШАНОВА М.К., КУРГАНБЕКОВА М.Б.

**ДИНАМИКА ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ САХАРНЫМ
ДИАБЕТОМ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ И
ГОРОДЕ АКТОБЕ**

Западно-Казахстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

Одним из наиболее распространенных хронических заболеваний во всем мире является сахарный диабет. В последние годы сахарный диабет рассматривается не только как серьезное хроническое заболевание, но и как важная медико-социальная проблема, приобретающая все большую актуальность.

Ключевые слова: сахарный диабет, хронические заболевания, эндокринология, ретроспективный анализ, инвалид

SUMMARY

TAUSHANOVA M.K., TYNDYBAYEVA A.M.,
AKYLBEEKKYZY ZH., TAZHBENOVA S.T.,
TAUSHANOVA M.K., KURGANBEKOVA M.B.

**DYNAMICS OF THE INCIDENCE OF DIABETES
IN THE AKTOBE REGION AND AKTOBE CITY**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

One of the most common chronic diseases worldwide is diabetes mellitus. In recent years, diabetes mellitus is considered not only as a serious chronic disease, but also as an important medical and social problem that is becoming increasingly relevant. The prevalence of diabetes leads to serious complications, a leading cause of premature death and disability, and significant social and economic costs.

Keywords: chronic diseases, endocrinology, retrospective analysis, disability.